


HP LaserJet P1000 және P1500
Сериялы
Пайдаланушы Нұсқаулығы



HP LaserJet P1000 және P1500 Сериялы Пайдаланушы Нұсқаулығы



Авторлық құқықтар және Лицензия

© 2007 Copyright Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Авторлық құқық жөніндегі заңдарға сәйкес жағдайлардан басқа кезде, алдын ала жазбаша түрде алынған рұқсатсыз, көшіруге, бейімдендіруге немесе аударуға рұқсат етілмейді.

Мұнда берілген ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне берілетін кепілдіктер осындай өнімдер мен қызметтерге берілетін тікелей кепілдік жөніндегі мәлімдемелерде ғана көрсетілген. Бұл құжаттағы мәлімдемелер қосымша кепілдік ретінде қабылданбауы тиіс. HP бұл құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер немесе кемшіліктер үшін жауап бермейді.

Бөлік нөмірі: СВ410-91020

Edition 1, 12/2007

Тауар белгісі тізімі

Microsoft®, Windows® және Windows NT® - Microsoft Корпорациясының АҚШ-та тіркелген тауар белгілері.

PostScript® - Adobe Systems Incorporated компаниясының тіркелген тауар белгісі.

Мазмұны

1 Өнім туралы ақпарат

Өнім конфигурациялары	2
Құрылғының мүмкіндіктері	3
Құрылғы бөлшектерінің атаулары	5
HP LaserJet P1000 Сериялы	5
HP LaserJet P1500 Сериялы	6

2 Басқару панелі

HP LaserJet P1000 Сериялы	10
HP LaserJet P1500 Сериялы	11

3 Өнім бағдарламасы

Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер	14
Қолдау көрсетілетін желілік жүйелер (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)	15
Құрылғы байланыстары	16
USB байланыстары	16
Желілік байланыстар (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)	16
Құрылғыны желіге қосыңыз	16
Желілік құрылғы бағдарламасын орнатыңыз	17
Windows бағдарламалары	18
Windows принтер драйверлері	18
Принтер артықшылықтары (драйвер)	18
Принтер қасиеттері бойынша онлайн Анықтамалығы	18
Баспа параметрлерінің қасиеттері	18
Қосымша Windows драйверінің түрлері (HP LaserJet P1500 желілік модельдері)	18
Windows принтер бағдарламасын орнатыңыз	19
Windows Server 2003 (тек принтер драйвері), Windows 98SE және Me (тек драйвер) арналған принтер бағдарламасын орнату үшін	19
Windows 2000 және XP принтер бағдарламасын орнату үшін	19
Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту	19
Енгізілген Веб сервері (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)	19

Macintosh бағдарламалары	21
Macintosh принтер драйверлері	21
Macintosh компьютерлеріне арналған принтер драйверін орнату	21
Macintosh принтер драйверін конфигурациялаңыз	21

4 Қолдау көрсетілетін қағаз бен өзге де баспа құралдары

Баспа құралдарын пайдалануды түсіну	24
Қолдайтын баспа құралдарының өлшемі	25
Баспа құралын таңдау	26
Құрылғыға зиян келтіре алатын құрал	26
Тыйым салынған баспа құралдары	26
Арнайы баспа құралдары	27
Конверттер	27
Затбелгілер	27
Мөлдір үлдір	28
Бланктер немесе алдын ала басылған қалыптар	28
Ауыр қағаз	28

5 Баспа тапсырмалары

Баспа сапасы параметрлері	30
Баспа құралын салу	31
Бірінші кезекті әперу ойығы (тек HP LaserJet P1006/P1009/P1500 Сериялы)	31
Негізгі беруші науа	31
Науаны қысқа баспа құралына арнап дәлдеу (тек HP LaserJet P1002/P1003/P1004/ P1005)	31
Арнайы баспа құралдарына басып шығару	33
Баспа драйверін баспа құралының өлшемі мен түріне сәйкестендіріңіз	33
Баспа түрлері және науа сыйымдылығы	33
Парақтың екі жағына басу (қолмен екі жақты басу)	34
Бір парақ қағазға бірнеше бет басу (N дейін басу)	36
Буклеттер басып шығару	36
Су таңбаларын басып шығару	37
Бейнені айналық көріністе басып шығару	38
Баспа тапсырмасын тоқтату	39

6 Пайдалану және техникалық қызмет

Баспа картриджін ауыстыру	42
Принтердің ақпарат беттері	44
Көрсету беті	44
Конфигурация беті	44
Қамсыздандыру құралдарының жағдайы туралы бет	44
Енгізілген Веб сервері (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)	45
Енгізілген Веб серверін ашыңыз	45

Ақпарат беті	46
Параметрлер беті	46
Желі құру беті	46
Сілтемелер	46
Қамсыздандыру құралдарын басқару	47
Қамсыздандыру құралдарының қызмет мерзімі	47
Қамсыздандыру құралдарын тексеру және тапсырыс беру	47
Қамсыздандыру құралдарын сақтау жөніндегі нұсқаулықтар	47
Қамсыздандыру құралдарын ауыстырып, қайта өңдеуге жіберіңіз	48
Қайта тарату тонері	48
HP компаниясының HP шығармаған қамсыздандыру құралдарына қатысты саясаты	48
Құрылғының HP емес қамсыздандыру құралдарына байланысты қайта қосылуы	48
HP жалған қамсыздандыру құралдарына қарсы веб-сайты	48
Құрылғыны тазалау	49
Картридждің айналасын тазалаңыз	49
Құрылғының қағаз өту жолын тазалау	51
Тартушы роликті шығарып алыңыз.	52
тартушы роликті тазалаңыз	55
Принтердің бөлуді құрылғысын ауыстыру	56
EconoMode (үнемдеу режимі)	59

7 Проблемаларды шешу

Проблемаларды шешу тізімі	62
1-қадам: Құрылғы дұрыс бапталған ба?	62
2-қадам: "Дайын" шамы қосулы ма?	62
3-қадам: Конфигурациялау бетін басып шығара аласыз ба?	62
4-қадам: Баспа сапасы жарамды ма?	63
5-қадам: Құрылғы мен компьютер арасында байланыс бар ма?	63
6-қадам: Басып шығарылған беттің түрі сіз күткендей ме?	63
HP қолдау қызметіне хабарласыңыз	64
Жағдай жарығының үлгілері	65
Кептелуді жою	68
Баспа құралдарының әдеттегі кептелу орындары	68
Кептелген парақты алып тастау	68
Баспа сапасын жақсарту	71
Басылған бейне ашық немесе өңсіз шығады	71
Тонер нүктелері	71
Беттің кейбір жерлеріне бейне басылмаған	71
Тік сызықтар	72
Беттің фоны сұр болып шығады	72
Тонер айғыздалып шығады	72
Бос тонер	73

Қайталанатын тік ақаулар	73
Таңбалар дұрыс қалыптаспаған	73
Бет қисық шығады	74
Парақ бұралып немесе толқынданып шығады	74
Умаждау немесе бүгілу	74
Таңбаның айналасына тонер шашырап шығады	75
Баспа құралы проблемасын шешу	76
Басып шығарылған бет экрандағыға ұқсамайды	78
Бүлінген, қате немесе аяқталмаған мәтін	78
Графика не мәтін жоқ, немесе бос парақтар	78
Бет форматы басқа бір HP LaserJet принтеріндегіге ұқсамайды.	78
Графикалар сапасы	79
Принтер бағдарламасына қатысты проблемалар	80
Macintosh жүйесінде жалпы кездесетін проблемалар	81
Желі құруға қатысты проблемаларды шешу	84

Қосымша А Керек жарақтар мен шығындық материалдар

Қамсыздандыру құралдары мен керек-жарақтарға тапсырыс беру	86
--	----

Қосымша В Техникалық қызмет және қолдау

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі	90
Тұтынушылардың өзі жөндеуіне кепілдік беру қызметі	92
Hewlett-Packard бағдарласы бойынша лицензиялық келісім	93
Баспа картридждері мен фотобарабанға берілетін шектеулі кепілдік	95
HP тұтынушыларды қолдау қызметі	96
Қолдау мен техникалық қызметтің барлық түрі	98
HP Care Pack™ Қызметтері және Техникалық қызмет туралы келісімдері	98
Құрылғыны қайта орау бойынша нұсқаулар	99

Қосымша С Құрылғының техникалық шарттары

Қосымша D Нормативтік ақпарат

FCC талаптарына сәйкестік	104
HP LaserJet P1000 Сериялы Сәйкестік декларациясының ережелері	105
HP LaserJet P1500 Сериялы Сәйкестік декларациясының ережелері	106
Ережелер туралы мәлімдемелер	107
Лазер қауіпсіздігі туралы анықтама	107
Канадалық DOC қағидалары	107
Корея EMI қатысты анықтамасы	107
Финляндияға арналған лазер туралы анықтама	108
Заттар кестесі (Қытай)	109
Қоршаған ортада өнімдерді басқару бағдарламасы	110
Қоршаған ортаны қорғау	110

Озон өндіру	110
Тұтынылатын қуат	110
Тонерді пайдалану	110
Қағаз пайдалану	110
Пластмасса	110
HP LaserJet баспаға арналған қамсыздандыру құралдары	110
Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат	111
Америка Құрама Штаттары мен Пуэрто-Рико	111
Бірнеше картриджді қайтару (екіден сегіз картриджге дейін)	111
Бір ғана картриджді қайтару	111
Тасымалдау	111
Картридждерді АҚШ-тан басқа елдерде/аймақтарда қайтару	111
Қағаз	112
Материалдарға қойылатын шектеулер	112
Еуропа Одағы аумағындағы жеке үйлерде тұратын пайдаланушылардың жабдық қалдықтарын тастауы	112
Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS)	112
Қосымша ақпарат алу үшін	112


Индекс	113
---------------------	------------

1 Өнім туралы ақпарат

- [Өнім конфигурациялары](#)
- [Құрылғының мүмкіндіктері](#)
- [Құрылғы бөлшектерінің атаулары](#)

Өнім конфигурациялары

HP LaserJet P1000 Сериялы




- Бірінші беттің шығуы: < 8 секунд
- Жылдамдығы: 14 А4 беті минутына (парақ/мин), 15 Хат өлшемді парақ/мин.
- Науа: 150 парақтық әмбебап науа.
- Байланыс мүмкіндігі: Шапшаң USB 2.0 порты.

тек HP LaserJet P1006/P1009

- Бірінші беттің шығуы: < 8 секунд
- Жылдамдығы: 22 А4 беті минутына (парақ/мин), 17 Хат өлшемді парақ/мин.
- Науа: 10 парақтық бірінші кезекті әперу ойығы және 150 парақтық әмбебап науа.
- Байланыс мүмкіндігі: Шапшаң USB 2.0 порты.

HP LaserJet P1500 Сериялы



- Бірінші беттің шығуы: < 6 секунд
- Жылдамдығы: 22 А4 беті минутына (парақ/мин), 23 Хат өлшемді парақ/мин.
- Науалар: 10 парақтық бірінші кезекті әперу ойығы және 250 парақтық әмбебап науа.
- Байланыс мүмкіндігі: Шапшаң USB 2.0 порты. Енгізілген желіні пайдалану (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері).

Құрылғының мүмкіндіктері


Пайда	Қолдау мүмкіндіктері
Тамаша баспа сапасы	<ul style="list-style-type: none">• HP баспа картридждері.• Нақты 600 - 600 нүкте/дюйм (н/д) мәтіндері мен графикасы.• Баспа сапасын оңтайландырудың реттелмелі параметрлері.
Пайдалануға оңай	<ul style="list-style-type: none">• Баспа картридждері оңай орнатылады.• Баспа картридждеріне және картридж есігі арқылы қағаздың өту жолына ыңғайлы қол жеткізу.• Қағаз науасын бір қолмен реттеу мүмкіндігі.
Бейімделгіш қағаз әперу	<ul style="list-style-type: none">• Бланктарға, конверттерге, затбелгілерге, диапозитивтерге, бейімделген өлшемді баспа құралына және ауыр қағазға арналған негізгі науа.• Бланктарға, конверттерге, затбелгілерге, диапозитивтерге, бейімделген өлшемді баспа құралына, ашықхаттарға және ауыр қағазға арналған негізгі науа.• 125 парақтық жоғарғы шығару науасы.• Екі жаққа да басу (қолмен). Парақтың екі жағына басу (қолмен екі жақты басу) 34-бетте қараңыз.
Интерфейстік байланыстар	<ul style="list-style-type: none">• Шапшаң USB 2.0 порты.• 10/100Base-T желісіне қосылуға арналған ішкі баспа сервері. (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)
Қуат үнемдеу	<ul style="list-style-type: none">• Құрылғы баспай тұрған кезде қуат шығынын айтарлықтай азайта отырып автоматты түрде электр тоғын үнемдейді.
Үнемді баспа	<ul style="list-style-type: none">• N дейін басып шығару (бір параққа бірнеше бет басып шығару) және Екі жаққа да басу қағазды үнемдейді. Парақтың екі жағына басу (қолмен екі жақты басу) 34-бетте қараңыз.
Мұрағаттық баспа	<ul style="list-style-type: none">• Ұзақ уақыт бойы сақталуы тиіс беттерді басып шығарғанда бұл опция құрылғыны тонердің жағылуы мен кеуіп кетуін азайтатындай етіп баптайды.• Archive (Мұрағат) опциясын қағаз түрі ретінде таңдаңыз.
Қамсыздандыру құралдары	<ul style="list-style-type: none">• Баспа картриджінің Supplies Status (Қамсыздандыру құралының мәртебесі) қамсыздандыру құралының мөлшермен қалған қызмет мерзімін көрсетеді. HP шығармаған қамсыздандыру құралдары үшін жарамсыз.• HP фирмалық баспа картридждерін растау.• Ауыстырылатын қамсыздандыру құралдарына оңай тапсырыс беру.

Пайда	Қолдау мүмкіндіктері
Қол жетімділік	<ul style="list-style-type: none">● Онлайн пайдаланушы нұсқаулығы экрандық мәтін оқу бағдарламаларымен үйлесімді.● Барлық есіктер мен қақпақтарды бір қолмен ашу мүмкіндігі.
Қауіпсіздік	<ul style="list-style-type: none">● Құрылғының артқы жағындағы кенсингтон құлып ұясы.

Құрылғы бөлшектерінің атаулары


HP LaserJet P1000 Сериялы

Сурет 1-1 HP LaserJet P1000 Сериялы, алдыңғы көрінісі (HP LaserJet P1006/P1009 көрсетілген)



1	Шығару науасы
2	Бүктелмелі шығару науасының тартпасы
3	Бірінші кезекті әперу ойығы
4	Бүктелмелі негізгі беруші науа
5	Қысқа баспа құралын созғыш (тек HP LaserJet P1002/P1003/P1004/P1005)
6	Қосу түймесі
7	Картридж есігін көтеру құлағы
8	Басқару панелі (HP LaserJet P1006/P1009 басқару панелі көрсетілген)

Сурет 1-2 HP LaserJet P1000 Сериялы, артқы көрінісі (HP LaserJet P1006/P1009 көрсетілген)




1	USB порты
---	-----------

2	Қорек ұясы
3	Сериялық нөмір


HP LaserJet P1500 Сериялы

Сурет 1-3 HP LaserJet P1500 Сериялы, алдыңғы көрінісі (HP LaserJet P1505n көрсетілген)



1	Шығару науасы
2	Бүктелмелі шығару науасының тартпасы
3	Бірінші кезекті әперу ойығы
4	Беруші науа
5	Қосу түймесі
6	Картридж есігін көтеру құлағы
7	Басқару панелі

Сурет 1-4 HP LaserJet P1500 Сериялы, артқы көрінісі (HP LaserJet P1505n көрсетілген)



1	USB порты
---	-----------


2	HP ішкі желілік порты (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)
3	Қорек ұясы
4	Сериялық нөмір

2 Басқару панелі


- [HP LaserJet P1000 Сериялы](#)
- [HP LaserJet P1500 Сериялы](#)

HP LaserJet P1000 Сериялы

HP LaserJet P1000 Сериялы басқару панелінде екі шам мен бір түйме бар.

 **ЕСКЕРІМ:** Шамның жану үлгілерінің мағыналарының сипаттамасын [Жағдай жарығының үлгілері 65-бетте](#) қараңыз.


Сурет 2-1 HP LaserJet P1000 Сериялы басқару панелі (HP LaserJet P1006/P1009 көрсетілген)




- | | |
|---|--|
| 1 | "Назар аударыңыз" шамы: Баспа картриждің есігінің ашық екенін немесе басқа қателер барлығын көрсетеді. |
| 2 | "Дайын" шамы: Құрылғы басып шығаруға дайын болғанда "Дайын" шамы жанады. Құрылғы деректерді өңдегенде "Дайын" шамы жыпылықтап жанады. |
| 3 | Тоқтату түймесі: Ағымдағы басылып жатқан тапсырманы тоқтату үшін Тоқтату түймесін басыңыз (тек HP LaserJet P1006/P1009). |

HP LaserJet P1500 Сериялы

HP LaserJet P1500 Сериялы басқару панелінде төрт шам мен екі түйме бар.

 **ЕСКЕРІМ:** Шамның жану үлгілерінің мағыналарының сипаттамасын [Жағдай жарығының үлгілері 65-бетте](#) қараңыз.

Сурет 2-2 HP LaserJet P1500 Сериялы басқару панелі (HP LaserJet P1505n көрсетілген)



1	"Тонер" шамы: Баспа картриджі азайып қалса, "Тонер" шамы жанады. Баспа картриджі құрылғыдан шығарылған болса, "Тонер" шамы жыпылықтап тұрады.
2	"Назар аударыңыз" шамы: Баспа картриджің есігінің ашық екенін немесе басқа қателер барлығын көрсетеді.
3	"Дайын" шамы: Құрылғы басып шығаруға дайын болғанда "Дайын" шамы жанады. Құрылғы деректерді өңдегенде "Дайын" шамы жыпылықтап жанады.
4	"Істеу" шамы: Созылмалы қателік орын алғанда немесе қағаз қолмен әперілетін тапсырманы жалғастыру қажет етілгенде жыпылықтап жанады.
5	Істеу түймесі: Конфигурациялау бетін басып шығару үшін Істеу түймесін "Дайын" шамы жанғанда басыңыз. Істеу шамы жылтылдағанда Істеу түймесін баспа тапсырмасын жалғастыру үшін басыңыз.
6	Тоқтату түймесі: Ағымдағы басылып отырған тапсырманы тоқтату үшін Тоқтату түймесін басыңыз.

3 Өнім бағдарламасы

Құрылғыны дұрыс орнатып, құрылғы мүмкіндіктерінің толық топтамасын пайдалана алу үшін жеткізілетін бағдарламаны толық орнату қажет етіледі.

Келесі бөлімде өніміңізбен бірге жеткізілетін бағдарлама сипатталған:

- [Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер](#)
- [Қолдау көрсетілетін желілік жүйелер \(тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері\)](#)
- [Құрылғы байланыстары](#)
- [Windows бағдарламалары](#)
- [Macintosh бағдарламалары](#)

Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

Құрылғы төмендегі операциялық жүйелерге арналған бағдарламалармен жабдықталған:

- Windows® 98 SE (тек принтер драйвері)
- Windows Millennium Edition (Me) (тек принтер драйвері)
- Windows 2000
- Windows Server 2003 (32 биттік және 64 биттік)

Windows Server 2003 Point and Print (Көрсетіп, басып шығару) немесе Windows Server 2003 Terminal Services and Printing (Терминал қызметтері және баспа) бағдарламаларының көмегімен Windows 2000 Server жүйесін Windows Server 2003 етіп жетілдіру туралы қосымша ақпарат алу үшін <http://www.microsoft.com/> сайтына кіріңіз.

- Windows® XP (32 биттік)
- Macintosh OS X V10.2.8, V10.3.9 және V10.4.3
- Windows Vista (32 биттік және 64 биттік)

Қолдау көрсетілетін желілік жүйелер (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)

- TCP/IP

Құрылғы байланыстары

USB байланыстары

Өнім USB байланыстарын қолдайды.

1. Бағдарлама орнату дискісін компьютердің CD-ROM құрылғысына салыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кеңес берілмейінше, USB кабелін жалғамаңыз

2. Егер орнату бағдарламасы автоматты түрде басталмаса, дискінің ішін ашып, SETUP.EXE файлын қосыңыз.
3. Құрылғыны баптап, бағдарламаны орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Желілік байланыстар (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)

HP LaserJet P1500 желілік модельдері желімен HP ішкі желілік порт арқылы байланыса алады.


Құрылғыны желіге қосыңыз

Желілік модельді желіге қосу үшін келесі заттар қажет болады:


- Қызметтік сымды TCP/IP желісі
- CAT-5 Ethernet кабелі

Құрылғыны желіге қосу үшін

1. CAT-5 Ethernet кабельді Ethernet хабындағы немесе маршрутизаторындағы бос портқа қосыңыз.
2. Ethernet кабелін құрылғының артында орналасқан Ethernet портына қосыңыз.



3. Құрылғының артында орналасқан желілік порт шамдарының біреуі (10 немесе 100) жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
4. Конфигурация бетін басып шығарыңыз: Құрылғы "Дайын" режимінде тұрғанда **lctey** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Желілік байланыс проблемаларын шешу үшін [Желі құруға қатысты проблемаларды шешу 84-бетте](#) қараңыз.

Желілік құрылғы бағдарламасын орнатыңыз

Құрылғыны желіде пайдалану үшін бағдарламаны желіге қосылған компьютерге орнатыңыз. Бағдарламаны орнату туралы ақпаратты [Windows бағдарламалары 18-бетте](#) немесе [Macintosh бағдарламалары 21-бетте](#) қараңыз.

Windows бағдарламалары


Windows принтер драйверлері

Принтер драйвері принтердің ерекшеліктеріне енуге мүмкіндік беретін бағдарлама болып табылады және компьютер мен құрылғының арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Принтер артықшылықтары (драйвер)

Принтер артықшылықтары құрылғыны басқарады. Медиа өлшемі мен түрі, медианың бір парағына бірнеше бетті басып шығару (N дейін басып шығару), ажыратымдылық және су таңбасы сияқты стандартты параметрлерді өзгертуіңізге болады. Принтер артықшылықтарына келесідей жолдармен ене аласыз:

- Өзіңіз басып шығару үшін пайдаланып отырған бағдарламадан. Ол тек ағымдағы бағдарлама параметрлерін ғана өзгертеді.
- Windows операциялық жүйесінен. Ол барлық болашақ баспа тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгертеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Бағдарламалардың көбі принтер қасиеттеріне ену үшін түрлі әдістерді пайдаланатындықтан, келесі бөлімде Windows 98 SE, Me, 2000 және Windows XP жүйелерінде пайдаланылатын ең көп тараған әдістер сипатталған.

Принтер қасиеттері бойынша онлайн Анықтамалығы

Драйвер Анықтамалығы деген атаумен де белгілі принтер қасиеттері бойынша онлайн Анықтамалығында принтер қасиеттерінің қызметтері бойынша арнайы ақпарат келтірілген. Осы онлайн Анықтамалық сізге өзіңіздің принтеріңіздің стандартты параметрлерін өзгерту барысында нұсқаулар беріп отырады. Кейбір драйверлерде онлайн Анықтамалығы сіз сол мезетте пайдаланып отырған драйвер мүмкіндігінің опцияларын сипаттайтын контекстке тәуелді анықтама береді.

Принтер қасиеттері бойынша онлайн Анықтамалығына ену үшін

1. Бағдарламада **Файл** тармағын басып, одан кейін **Басып шығару** тармағын басыңыз.
2. **Қасиеттері** тармағын басып, одан кейін **Анықтамалық** тармағын басыңыз.

Баспа параметрлерінің қасиеттері

Осы құрылғының баспа параметрлерін өзгертудің екі жолы бар: қолданбадан немесе принтер драйверінен. Бағдарламада енгізілген өзгертулер принтер драйверінде өзгертілген параметрлердің орнын басады. Бағдарламаның ішінде **Бет Баптаулары** диалог терезесінде енгізілген өзгертулер **Басып шығару** диалог терезесінде енгізілген өзгертулердің орнын басады.

Нақты бір баспа параметрін өзгерту үшін бірнеше әдісті пайдалану мүмкіншілігі болған жағдайда басымдығы ең жоғары әдісті қолданыңыз.

Қосымша Windows драйверінің түрлері (HP LaserJet P1500 желілік модельдері)

Оған қоса, HP LaserJet P1500 желілік модельдері ішінде PCL 5e принтер драйвері бар. Драйверді орнату үшін Microsoft Принтер қосу мүмкіндігін пайдаланыңыз.


Windows принтер бағдарламасын орнатыңыз

Windows Server 2003 (тек принтер драйвері), Windows 98SE және Me (тек драйвер) арналған принтер бағдарламасын орнату үшін

Принтер драйверін орнату жөніндегі нұсқауларды операциялық жүйенің құжаттарынан қараңыз.

Windows 2000 және XP принтер бағдарламасын орнату үшін

Құрылғымен бірге келген дискіні компьютердің CD-ROM құрылғысына салыңыз. Принтер бағдарламасын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** "Қош келдіңіз" экраны ашылмаса, Windows тапсырмалар панеліндегі **Бастау** түймесін басып, ішінен **Іске қосу** басыңыз да, Z:\setup теріңіз (мұндағы Z CD жетегінің әрпін білдіреді) және **ОК** түймесін басыңыз.

Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту

Бағдарламалық құрал жабылғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту үшін	Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту үшін	Құрал конфигурациясының параметрлерін өзгерту үшін
<ol style="list-style-type: none">1. Бағдарламалық құралдың File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығаруды) таңдаңыз.2. Драйверді таңдап, одан кейін Properties (Қасиеттері) немесе Preferences (Таңдауларды) басыңыз. <p>Адымдар өзгеріп отыруы мүмкін; сипатталған процедура ең тараған болып табылады.</p>	<ol style="list-style-type: none">1. Start (Бастау), Settings (Параметрлер) батырмасын басыңыз және одан кейін Printers (Принтерлер) мәзірін (Windows 2000) немесе Printers and Faxes (Принтерлер және Факстер) мәзірін (Windows XP Professional және Server 2003) немесе Printers and Other Hardware Devices (Принтерлер және өзге Құралдар) мәзірін (Windows XP Home) таңдаңыз. Windows Vista үшін Start (Бастау) батырмасын, одан кейін Control Panel (Басқару Панелі) батырмасын және ең соңында Printer (Принтер) батырмасын таңдаңыз.2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін Printing Preferences (Басып шығару Таңдаулары) мәзірін таңдаңыз.	<ol style="list-style-type: none">1. Start (Бастау), Settings (Параметрлер) батырмасын басыңыз және одан кейін Printers (Принтерлер) мәзірін (Windows 2000) немесе Printers and Faxes (Принтерлер және Факстер) мәзірін (Windows XP Professional және Server 2003) немесе Printers and Other Hardware Devices (Принтерлер және өзге Құралдар) мәзірін (Windows XP Home) таңдаңыз. Windows Vista үшін Start (Бастау) батырмасын, одан кейін Control Panel (Басқару Панелі) батырмасын және ең соңында Printer (Принтер) батырмасын таңдаңыз.2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін Properties (Таңдаулылар) мәзірін таңдаңыз.3. Device Settings (Құрал Параметрлері) жиекбелгісін таңдаңыз.

Енгізілген Веб сервері (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері)

Енгізілген Веб серверін құрылғының конфигурациясын икемдеу, оның мәртебесі туралы ақпаратты көру және проблемарды шешу туралы ақпарат алу үшін пайдалануға болады.

Қосымша ақпаратты [Енгізілген Веб сервері \(тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері\) 45-бетте](#) қараңыз.

Macintosh бағдарламалары

Macintosh принтер драйверлері

Принтер драйвері принтердің ерекшеліктеріне енуге мүмкіндік беретін бағдарлама бөлігі болып табылады және компьютер мен құрылғының арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Macintosh компьютерлеріне арналған принтер драйверін орнату

Осы бөлімде Macintosh OS X операциялық жүйесінің V10.2.8, V10.3.9 және V10.4.3. нұсқаларына арналған баспа жүйесі бағдарламасын орнату бойынша түсіндірмелер беріледі.

1. Принтердің дискісін CD-ROM құрылғысына салып, орнату бағдарламасын қосыңыз.
2. Жұмыс үстеліндегі CD белгішесін екі рет басыңыз.
3. **Installer** (Орнатушы) бағдарламасының белгішесін екі рет басыңыз.
4. Компьютер экранындағы нұсқауларды орындаңыз.
5. Бағдарламаның дұрыс орнатылғанына көз жеткізу үшін сынақ бетін немесе кез келген бағдарламадан бір бет басып шығарыңыз.

Егер бағдарлама дұрыс орнатылмаса, оны қайтадан орнатыңыз. Егер бәрібір орнатылмаса, Known Issues (Белгілі проблемалар) және Install Notes (Орнату туралы ескертулер) ішіндегі Workarounds (Шешу тәсілдері) бөлімін қараңыз. Install Notes (Орнату туралы ескертулер) бағдарламалар CD дискісінде немесе қолдау веб сайтында орналасқан (веб-адресі [HP тұтынушыларды қолдау қызметі 96-бетте](#) қараңыз).

Macintosh принтер драйверін конфигурациялаңыз

Төмендегі әдістердің біреуін пайдаланып, компьютеріңізден Макинтош принтер драйверін ашыңыз:

Операциялық жүйе	Бағдарлама жабылғанға дейін барлық баспа тапсырмаларының параметрлерін өзгерту үшін	Баспа тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту (мысалы, стандартты параметр арқылы қағаздың екі бетіне басу функциясын қосу) үшін	Конфигурациялық параметрлерді өзгерту (мысалы, науа қосу немесе қолмен парақтың екі жағынан басу функциясын қосу/өшіру) үшін
Macintosh OS X V10.2.8, V10.3.9	<ol style="list-style-type: none">1. File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығар) командасын таңдаңыз.2. Пайда болған түрлі мәзірлердегі керекті параметрлерді өзгертіңіз.	<ol style="list-style-type: none">1. File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығар) командасын таңдаңыз.2. Пайда болған түрлі мәзірлердегі керекті параметрлерді өзгертіңіз.3. Пайда болатын Presets (Алдын ала белгіленген параметрлер) мәзірінде Save as (Есім беріп сақтаңыз) таңдап, алдын ала белгіленетін параметрге есім беріңіз. <p>Бұл параметрлер Presets (Алдын ала белгіленген параметрлер) мәзірінде</p>	<ol style="list-style-type: none">1. Қатқыл диск жетегін таңдап Printer Setup Utility (Принтер баптау утилитасын) ашыңыз. Бұл үшін Applications (Бағдарламалар) басып, содан кейін Utilities (Утилиталар) басыңыз да, содан кейін Printer Setup Utility екі рет басыңыз.2. Баспа кезегін басыңыз.3. Printers (Принтерлер) мәзірінде Show Info (Ақпаратты көрсету) таңдаңыз.

Операциялық жүйе	Бағдарлама жабылғанға дейін барлық баспа тапсырмаларының параметрлерін өзгерту үшін	Баспа тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту (мысалы, стандартты параметр арқылы қағаздың екі бетіне басу функциясын қосу) үшін	Конфигурациялық параметрлерді өзгерту (мысалы, науа қосу немесе қолмен парақтың екі жағынан басу функциясын қосу/өшіру) үшін
		<p>сақталады. Жаңа параметрлерді пайдалану үшін бағдарламаны әрбір ашқан және басып шығарған кезде сақталған алдын ала белгіленген параметр опциясын таңдауыңыз керек болады.</p>	
Macintosh OS X V10.4.3	<ol style="list-style-type: none"> <li data-bbox="472 594 775 674">1. File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығар) командасын таңдаңыз. <li data-bbox="472 699 775 779">2. Пайда болған түрлі мәзірлердегі керекті параметрлерді өзгертіңіз. 	<ol style="list-style-type: none"> <li data-bbox="807 594 1110 674">1. File (Файл) мәзірінен Print (Басып шығар) командасын таңдаңыз. <li data-bbox="807 699 1110 779">2. Пайда болған түрлі мәзірлердегі керекті параметрлерді өзгертіңіз. <li data-bbox="807 804 1110 989">3. Пайда болатын Presets (Алдын ала белгіленген параметрлер) мәзірінде Save as (Есім беріп сақтаңыз) таңдап, алдын ала белгіленетін параметрге есім беріңіз. <li data-bbox="807 1014 1110 1356">4. Бұл параметрлер Presets (Алдын ала белгіленген параметрлер) мәзірінде сақталады. Жаңа параметрлерді пайдалану үшін бағдарламаны әрбір ашқан және басып шығарған кезде сақталған алдын ала белгіленген параметр опциясын таңдауыңыз керек болады. 	<ol style="list-style-type: none"> <li data-bbox="1142 594 1441 863">1. Қатқыл диск жетегін таңдап Printer Setup Utility (Принтер баптау утилитасын) ашыңыз. Бұл үшін Applications (Бағдармалар) басып, содан кейін Utilities (Утилиталар) басыңыз да, содан кейін Printer Setup Utility екі рет басыңыз. <li data-bbox="1142 888 1441 909">2. Баспа кезегін басыңыз. <li data-bbox="1142 934 1441 1041">3. Printers (Принтерлер) мәзірінде Show Info (Ақпаратты көрсету) таңдаңыз.

4 Қолдау көрсетілетін қағаз бен өзге де баспа құралдары

- [Баспа құралдарын пайдалануды түсіну](#)
- [Қолдайтын баспа құралдарының өлшемі](#)
- [Баспа құралын таңдау](#)
- [Арнайы баспа құралдары](#)

Баспа құралдарын пайдалануды түсіну

Өнімде осы пайдаланушы нұсқаулығындағы ережелерге сәйкес түрлі қағаздар мен баспа құралдарын пайдалануға болады. Аталған ережелерге сай келмейтін құралдарды пайдалану мынадай мәселелерге әкелуі мүмкін:

- Басып шығару сапасының төмендеуі
- Қағаздың жиі кептеліп қалуы
- Құрылғының жөндеуді талап ететін мерзімінен бұрын тозуы

Барынша жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін тек HP таңбалы қағаз бен құралдарды пайдаланыңыз. Hewlett-Packard компаниясы басқа өндірушілердің баспа құралдарын пайдаланбауға кеңес береді. Себебі оларды HP жасап шығармаған, HP компаниясы олардың сапасына ықпал етіп немесе бақылау жасай алмайды.

Баспа құралдары осы пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық ережелерге сай келгенімен, нәтижелілігі қанағаттанарлықсыз болуы мүмкін. Мұндай қиындық құралды дұрыс қолданбаудың, қолайсыз температура мен ылғалдылық жағдайында пайдаланудың немесе Hewlett-Packard компаниясының бақылауынан тыс басқа да мән-жайлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

Баспа құралдарын көп мөлшерде сатып алардан бұрын, құралды тексеріп, олардың осы пайдаланушы нұсқаулығындағы және *HP LaserJet Printer Family Media Guide* нұсқаулығындағы (HP LaserJet принтерлер сериясына арналған құралдар туралы нұсқаулық) талаптарға сай келетіндігіне көз жеткізіңіз. Нұсқаулықтарды <http://www.hp.com/support/ljpaperguide/> сайт бетінен жүктеп алуға болады немесе нұсқаулықтарға тапсырыс беру туралы қосымша ақпарат алу үшін [HP тұтынушыларды қолдау қызметі 96-бетте](#) сайтына кіріңіз.

-
- △ **ЕСКЕРТУ:** HP компаниясының техникалық шарттарына сай келмейтін құралды пайдалану принтердің зақымдануына әкеліп, оны жөндеу қажеттігін тудыруы мүмкін. Мұндай жөндеуге Hewlett-Packard компаниясының кепілдігі немесе техникалық қызмет көрсету туралы келісімі қолданылмайды.
-

Қолдайтын баспа құралдарының өлшемі

Осы құрылғы бірқатар қағаз өлшеміне қолдау көрсетеді және ол түрлі құралдарға бейімделеді. Сіз қағаз өлшемін принтер драйверінің **Қағаз** жиекбелгісінде немесе енгізілген веб серверінде өзгерте аласыз (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері).

Өлшемі	Өлшемдер
Хат (АҚШ, Канада, Мексика және Латын Америкасында стандартты болып табылады)	216 x 279 мм
Legal стандарты	216 x 1194 мм
Executive стандарты	184 x 267 мм
A4 (АҚШ, Канада, Мексика және Латын Америкасынан басқа барлық елдерде стандартты болып табылады)	210 x 297 мм
A5	148 x 210 мм
A6	105 x 148 мм
B5 (JIS бойынша)	182 x 257 мм
№ 10 конверт	105 x 241 мм
DL конверті	110 x 220 мм
C5 конверті	162 x 229 мм
B5 конверті	176 x 250 мм
Monarch конверті	98 x 191 мм
16K	197 x 273 мм
	195 x 270 мм
	184 x 260 мм
8.5 x 13	216 x 330 мм
B5 (ISO бойынша)	176 x 250 мм
Ашықхат	100 x 148 мм
Қос ашықхат	148 x 200 мм

Баспа құралын таңдау

Баспа құралын таңдаған кезде мына факторларды ескеріңіз.

Құрылғыға зиян келтіре алатын құрал

Құрылғыға зиян келтіруі мүмкін баспа құралын пайдаланбаңыз.

- Қапсырмасы бар баспа құралын пайдаланбаңыз.
- Сиялы принтерлерге немесе өзгедей төмен температуралы принтерлерге арналған үлдірлерді, жапсырмаларды, фото немесе жылтыр қағазды пайдаланбаңыз. Тек HP LaserJet принтерлерімен пайдалануға арналған баспа құралдарын ғана пайдаланыңыз.
- Бедерлі немесе жаппалы және термобекіткіш температурасына тезуге бейімделмеген қағазды пайдаланбаңыз.
- Төмен темературалы бояу қондыру немесе термография жолымен жасалған бланк парақтарын пайдаланбаңыз. Алдын ала басылған қалыптар мен бланктер термобекіткіш температурасына тезуге бейімделген бояуды пайдалана отырып жасалған болулары тиіс.
- Термобекіткіш температурасының әсерінен зиянды заттар шығаратын немесе балқитын, ластанатын немесе өңсізденетін баспа құралдарын пайдаланбаңыз.

HP LaserJet баспа қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беру үшін АҚШ аумағында <http://www.hp.com/go/ljsupplies/> немесе дүйниежүзінде <http://www.hp.com/ghp/buyonline.html/> өтіңіз.

Тыйым салынған баспа құралдары

Құрылғының техникалық шарттарына сәйкес келмейтін баспа құралдарын пайдалану баспа сапасын төмендетіп, кептелуді көбейтеді.


- Тым қатты қағазды пайдаланбаңыз. Қатқылдығы Шеффилд тесті бойынша 250 аз қағазды пайдаланыңыз.
- Стандартты үш тесікті қағаздан өзге қималары немесе тесіктері бар қағазды пайдаланбаңыз.
- Көп бөлімді немесе көп бетті қалыптарды пайдаланбаңыз.
- Тұтас үлгілерді басқан жағдайларда тонер жаппасының біркелкілігін қамтамасыз ету үшін су таңбалы қағазды пайдаланбаңыз.

Арнайы баспа құралдары

Бұл құрылғы арнайы баспа құралдарына басып шығаруды қолдайды.

Конверттер

- Конверттерді жатқызып сақтаңыз.
- Конверттер умаждалған, қиылған, жабысып қалған немесе өзгедей зақымдалған болмаулары тиіс. Бекітпелері, түймелері, ойықтары, жаппалы қаптамалары бар, өздігінен жабысатын, немесе өзгедей синтетикалық материалдары бар конверттерді пайдаланбаңыз.
- Келесі суретте көрсетілгендей тігісі конверттің жиегімен өтетін конверттерді ғана пайдаланыңыз.



1	Рұқсатты
2	Рұқсат етілмеген

- Жапсыру жолағы немесе бірнеше бүктемі бар конверттер термобекіткіш температурасы мен қысымына төзімді желімді пайдалана отырып жасалған болуы тиіс.

△ **ЕСКЕРТУ:** Бұл талапты орындамау кептелуге себепші болуы мүмкін.

Затбелгілер

Затбелгілерді таңдау барысында әр құрам бөлік сапасын ескеріңіз:

- Араларында қорғалмаған жаппасы бар затбелгілерді ғана пайдаланыңыз.
- Затбелгілер тегіс жатуы тиіс.
- Умаждалған немесе көпіршікті немесе зақымдалған затбелгілерді пайдаланбаңыз.
- Затбелгілердің тек толық парағын ғана пайдаланыңыз. Бұл құрылғы затбелгілер парағының қиығына басып шығаруды қолдамайды.

Затбелгілерді салу бойынша нұсқаулықтарды [Баспа түрлері және науа сыйымдылығы 33-бетте](#) қараңыз

Мөлдір үлдір

- Науа, баспа құралдарын бағыттау және драйвер баптаулары туралы ақпаратты [Баспа түрлері және науа сыйымдылығы 33-бетте](#) қараңыз.
 - Диапозитивтерді құрылғыдан алғаннан кейін тегіс бетке орналастырыңыз.
-
- △ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғының зақымдалуын болдырмау үшін тек лазерлі принтерлерде пайдалануға ұсынылатын үлдірді ғана пайдаланыңыз. LaserJet баспасына арналмаған үлдір термобекіткіште балқып, термобекіткішті зақымдайды.
-

Бланктер немесе алдын ала басылған қалыптар

- Бедерлі немесе кедір-бұдыр бланктерді пайдаланбаңыз.
- Принтер роликтерін зақымдамайтын жанбайтын сияны ғана пайдаланыңыз.

Ауыр қағаз

- Құрылғы үшін анықталған баспа құралдарының ұсынылатын шарттарынан ауыр қағазды пайдаланбаңыз.

5 Баспа тапсырмалары


- [Баспа сапасы параметрлері](#)
- [Баспа құралын салу](#)
- [Арнайы баспа құралдарына басып шығару](#)
- [Баспа тапсырмасын тоқтату](#)

Баспа сапасы параметрлері

Баспа сапасының параметрлері баспа ажыратымдылығы мен тонердің жұмсалуына ықпал етеді.

Баспа сапасының параметрлерін өзгерту үшін төмендегі тәртіпті пайдаланыңыз:

1. Принтердің **Қасиеттер** тармағын (немесе Windows 2000 мен XP жүйелерінде **Баспа артықшылықтары**) ашыңыз. Нұсқауларды [Принтер артықшылықтары \(драйвер\) 18-бетте](#) ішінен қараңыз.
2. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) бетінде немесе **Finishing** (Аяқтау) бетінде (кейбір Mac драйверлерінде бұл бет **Paper Type/Quality** (Қағаз Түрі/Сапа) деп белгіленген), каяетті баспа сапасын тандаңыз. Төмендегі опциялар берілген:
 - **FastRes 600 (тек HP LaserJet P1000 Сериялы)**: Бұл параметр 600 н/д ажыратымдылығымен тиімді өнімділік сапасын қамтамасыз етеді.
 - **600 н/д (тек HP LaserJet P1500 Сериялы)**: Бұл параметр мәтін сапасын жақсартуға арналған Resolution Enhancement (REt) (Ажыратымдылықты Жетілдіру) технологиясы арқылы 600 x 600 н/д ажыратымдылықпен басып шығаруды қамтамасыз етеді.
 - **FastRes 1200**: Бұл параметр 1200 н/д ажыратымдылықпен тиімді өнімділік сапасын қамтамасыз етеді.
 - **EconoMode**: Мәтін басып шығару үшін тонер аз жұмсалады. Құжаттың жобаларын басып шығару кезінде осы параметрдің пайдасы тиеді. Осы опцияны басқа баспа параметрлеріне бөлек қосуға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде принтер мүмкіндіктерінің барлығы бола бермеуі мүмкін. Принтер драйверінде ондай мүмкіндіктердің бар-жоғын білу үшін осы принтердің қасиеттері мәзіріндегі анықтаманы қараңыз.

Баспа құралын салу

- △ **ЕСКЕРТУ:** Егер уаждалған, бүктелген немесе бүлінген құралға басып шығаруға әрекеттенсеңіз, олар принтердің ішінде кептеліп қалуы мүмкін. Қосымша ақпаратты [Кептелуді жою 68-бетте](#) қараңыз.

Бірінші кезекті әперу ойығы (тек HP LaserJet P1006/P1009/P1500 Сериялы)

Бірінші кезекті әперу ойығына он баспа құралы парағына дейін немесе бір конверт, бір үлдір немесе затбелгілерінің немесе карточканың бір парағы сыяды. Баспа құралын жоғарғы жағын алдыға және басылатын бетін жоғары қаратып салыңыз. Кептелу мен қиғаш кетуді болдырмау үшін бүйірлік баспа құралдарының бағыттаушыларын әрқашан баспа құралдарын салардан бұрын реттеп отырыңыз.

Негізгі беруші науа

HP LaserJet P1000 Сериялы негізгі беруші науасына 150 дейін 75 г/м² қағаз парағы немесе одан ауырырақ қағаздың бірнеше бетін салуға болады (15 мм немесе одан азырақ).

HP LaserJet P1500 Сериялы негізгі беруші науасына 250 дейін 75 г/м² қағаз парағы немесе одан ауырырақ қағаздың бірнеше бетін салуға болады (25 мм немесе одан азырақ).


Баспа құралын жоғарғы жағын алдыға және басылатын бетін жоғары қаратып салыңыз. Кептелу мен қиғаш кетуді болдырмау үшін бүйірлік және алдыңғы баспа құралдарының бағыттаушыларын әрқашан реттеп отырыңыз.

- 📄 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа баспа құралын қосқан кезде, міндетті түрде барлық құралдарды беруші науадан шығарып, баспа құралдарының дестесін туралап алыңыз. Бұл құралдың бірнеше парағының құрылғыға бір уақытта кетіп қалуына жол бермей, кептелуді азайтады.


Науаны қысқа баспа құралына арнап дәлдеу (тек HP LaserJet P1002/ P1003/P1004/P1005)

Егер Сіз 185 мм қысқа баспа құралына басып шығаратын болсаңыз, беруші науаңызды реттеп алу үшін Қысқа баспа құралын созушыны пайдаланыңыз.


1. Қысқа баспа құралын созушыны баспа құралын әперу аумағының сол жағындағы сақтау ойығынан шығарып алыңыз.



2. Құралды реттелмелі баспа құралын бағыттаушыға жалғаңыз.




3. Баспа құралын құрылғыға тірелгенше салып, одан кейін баспа құралын ұстап тұратын құрал жалғанған реттелмелі баспа құралын бағыттаушыны сырғытыңыз.




4. Қысқа баспа құралына басып шығарғаннан кейін Қысқа баспа құралын созушыны шешіп алып, сақтау ойығына қайтарыңыз.

Арнайы баспа құралдарына басып шығару


Лазерлі принтерлерге арналған баспа құралдарын ғана пайдаланыңыз. [Қолдайтын баспа құралдарының өлшемі 25-бетте](#) қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** HP LaserJet P1006/P1009/P1500 Сериялы құрылғысында бірінші кезекті әперу ойығын бір конвертке немесе өзгедей арнайы баспа құралына басып шығару үшін пайдаланыңыз. Көп конвертке немесе өзгедей арнайы баспа құралына басып шығару үшін негізгі беруші науаны пайдаланыңыз.

1. Баспа құралын саларда баспа құралын бағыттаушыны баспа құралынан аздап кеңірек етіп сыртқа қарай сырғытыңыз.



2. Баспа құралын науаға салып, баспа құралын бағыттаушыны қажетті ені бойынша реттеңіз.




Баспа драйверін баспа құралының өлшемі мен түріне сәйкестендіріңіз

Түр мен өлшем параметрлерін баспа құралына сәйкестендіріп өзгерткенде құрылғы баспаны оңтайландыру үшін реттеуді жүзеге асырады. Сіз қағаз өлшемі немесе түрі баптауларын **Қасиеттер** немесе **Артықшылықтар** тармағының **Қағаз/Сапа** жиекбелгісінде өзгерте аласыз. [Қолдайтын баспа құралдарының өлшемі 25-бетте](#) қараңыз.

Баспа түрлері және науа сыйымдылығы

Принтер драйвері түрлі баспа құралдарына бейімделу үшін пайдаланатын бірнеше баспа түрін қамтамасыз етеді.


 **ЕСКЕРІМ:** КАРТОЧКАЛАР, КОНВЕРТ, ЗАТБЕЛГІ, АУЫР, МӨРЛІ ҚАҒАЗ, МҰРАҒАТ, А5, А6, В5, EXECUTIVE ЖӘНЕ ҚАЛЫҢ режимдерін пайдаланғанда, құрылғы беттер арасында кідіріс жасап, бір минутта шығарылатын беттер саны азаяды.


Кесте 5-1 Драйвердің баспа түрлері

Түрі	Қағаз өлшемі	HP LaserJet P1000 Сериялы негізгі науасының ең көп сыйымдылығы	HP LaserJet P1500 Сериялы негізгі науасының ең көп сыйымдылығы	Науаның бағыты
Қарапайым Фирмалық бланк Түсті Алдын ала басып шығарылған Алдын ала тесілген Қайта пайдаланылған Мұрағат	75 - 104 г/м ²	150 парақ	250 парақ	Жоғарғы жағы алдыға және басылатын беті жоғары қарап.
Жеңіл	60 - 75 г/м ²	150 парақ	250 парақ	Басылатын беті жоғары қарап
Ауыр	90 - 105 г/м ²	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Басылатын беті жоғары қарап
Картчкалар	135 - 176 г/м ²	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Басылатын беті жоғары қарап
Мөлдір үлдір	монохромды диапозитивтер 4 мил	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Басылатын беті жоғары қарап
Конверт	№ 10 өлшемді конверт, DL, C5, B5, Monarch	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Беті жоғары қарап, қысқа жиегі алдыда, жаппасы сол жақта
Затбелгі	Стандартты HP LaserJet затбелгілері	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Басылатын беті жоғары қарап
Мөрлі қағаз	75 - 104 г/м ²	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Басылатын беті жоғары қарап
Қалың	75 - 104 г/м ²	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Басылатын беті жоғары қарап
Пергамент	60 - 120 г/м ²	Жинақ биіктігі 15 мм дейін	Жинақ биіктігі 25 мм дейін	Басылатын беті жоғары қарап


Парақтың екі жағына басу (қолмен екі жақты басу)


Парақтың екі жағына басу (қолмен екі жақты басу) үшін қағазды құрылғыдан екі рет өткізуіңіз керек.




 **ЕСКЕРІМ:** Қолмен екі жақты басу құрылғыны кірлетіп, баспа сапасын төмендетуі мүмкін. Құрылғы кірленген жағдайда берілетін нұсқаулықтарды [Құрылғыны тазалау 49-бетте](#) қараңыз.

1. Принтердің **Қасиеттер** тармағына (немесе Windows 2000 мен XP жүйелерінде **Баспа артықшылықтары**) кіріңіз. Нұсқауларды [Принтер артықшылықтары \(драйвер\) 18-бетте](#) қараңыз.
2. Принтер драйверінде **Өңдеу** бетінде **Екі жақты баспа (Қолмен)** тармағын таңдаңыз. Қажетті біріктіру опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Құжатты басып шығарыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде принтер мүмкіндіктерінің барлығы бола бермеуі мүмкін. Принтер қасиеттерінде (драйверінде) сол драйвердің бар-жоғын білу үшін онлайн Анықтамалығын қараңыз.




4. Бірінші жағы басылып шыққаннан кейін, жинақты бағытын өзгертпей шығару науасынан алып шығыңыз. Бос беттерді алып тастамаңыз. Сол бағытты сақтай отырып, жинақты бірінші кезекті ойыққа немесе негізгі науаға басылған жағын төмен қаратып салыңыз.




5. Екінші жақты басу үшін **Жалғастыру** түймесін басыңыз. HP LaserJet P1500 Сериялы құрылғысында басқару панелінің **Істеу** түймесін **Жалғастыру** түймесінен кейін басыңыз.

Бір парақ қағазға бірнеше бет басу (N дейін басу)

Бір параққа басып шығарғыңыз келетін бет санын таңдауыңызға болады. Егер бір параққа бірнеше бет бассаңыз, әр бет кішірек болады. Беттер параққа өзге жолмен басылып шығарылатын кезектілікпен орналастырылады.



1. Бағдарламадан принтердің **Қасиеттер** тармағына (немесе Windows 2000 мен XP жүйелерінде **Баспа артықшылықтары**) кіріңіз.
2. **Өңдеу** жиекбелгісінде, бір жаққа орналастырылатын беттердің дұрыс санын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде принтер мүмкіндіктерінің барлығы бола бермеуі мүмкін. Принтер қасиеттерінде (драйверінде) сол драйвердің бар-жоғын білу үшін онлайн Анықтамалығын қараңыз.


3. (Қосымша қадамдар) Беттің жиектерін қамту үшін құсбелгі қойыңыз. Бір параққа басылатын беттер кезегін белгілеу үшін кезектілікті жайылмалы мәзірден таңдаңыз.
4. Құжатты басып шығарыңыз.

Буклеттер басып шығару


Буклеттерді Хат немесе А4 стандартты қағаздарға басып шығаруға болады.

1. Қағазды негізгі беруші науаға салыңыз.
2. Принтердің **Қасиеттер** тармағына (немесе Windows 2000 мен XP жүйелерінде **Баспа артықшылықтары**) кіріңіз.
3. **Өңдеу** жиекбелгісінде опцияның **Екі жақты баспа (Қолмен)** тармағын таңдаңыз. Қажетті біріктіру опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз. Құжатты басып шығарыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде принтер мүмкіндіктерінің барлығы бола бермеуі мүмкін. Принтер қасиеттерінде (драйверінде) сол драйвердің бар-жоғын білу үшін онлайн Анықтамалығын қараңыз.



4. Бірінші жағы басылып шыққаннан кейін, жинақты бағытын өзгертпей шығару науасынан алып шығыңыз. Бос беттерді алып тастамаңыз. Сол бағытты сақтай отырып, жинақты бірінші кезекті ойыққа немесе негізгі науаға басылған жағын төмен қаратып салыңыз.




5. Екінші жағын басып шығарыңыз.
6. Парақтарды бүктеп, қыстырып тігіп алаңыз.




Су таңбаларын басып шығару

Су таңбасы опциясын қолда бар құжаттың "астындағы" (фондағы) мәтінді басып шығару үшін пайдаланыңыз. Мысалы, құжаттың бірінші бетіне немесе барлық беттеріне үлкен әріптермен *Жоба* немесе *Құпия* деп оқылатын үлкен сұр түсті әріптермен жазылған сөзді қиғашынан басып шығарғыңыз келуі мүмкін.



1. Бағдарламадан принтердің **Қасиеттер** тармағына (немесе Windows 2000 мен XP жүйелерінде **Баспа артықшылықтары**) кіріңіз.
2. **Әсерлер** жиекбелгісінде, пайдаланғыңыз келетін су таңбаларын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде принтер мүмкіндіктерінің барлығы бола бермеуі мүмкін. Принтер қасиеттерінде (драйверінде) сол драйвердің бар-жоғын білу үшін онлайн Анықтамалығын қараңыз.

3. Құжатты басып шығарыңыз.

Бейнені айналық көріністе басып шығару

Айналық көріністі бейнені басып шығарғанда мәтін мен суреттер айнадан қарағанда немесе баспа қалыбына аударғанда дұрыс көрінетіндей аударылады.

1. Бағдарламадан принтердің **Қасиеттер** тармағына (немесе Windows 2000 мен XP жүйелерінде **Баспа артықшылықтары**) кіріңіз.
2. **Қағаз/Сапа** жиекбелгісінде **Айналық көріністе басу** құсбелгісін қойыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде принтер мүмкіндіктерінің барлығы бола бермеуі мүмкін. Принтер қасиеттерінде (драйверінде) сол драйвердің бар-жоғын білу үшін онлайн Анықтамалығын қараңыз.

3. Құжатты басып шығарыңыз.

Баспа тапсырмасын тоқтату

Сіз баспа тапсырмасын бағдарламадан немесе баспа кезегінен тоқтата аласыз.

Құрылғыны дереу тоқтату үшін қалған парақтарды құрылғыдан алып шығыңыз. Құрылғы тоқтағаннан кейін келесі опциялардың бірін пайдаланыңыз.

- **Құрылғының басқару панелі (тек HP LaserJet P1006/P1009/P1500 Сериялы):** **Тоқтату** түймесін басыңыз.
- **Бағдарлама:** Әдетте, басуға тапсырма берілген кезде экранда баспа тапсырмасын тоқтатуға мүмкіндік беретін диалог терезесі пайда болады.
- **Windows баспа кезегі:** Егер баспа тапсырмасы басу кезегінде (компьютер жадындағы) немесе баспа спулерінде тұрса, оны сол жерден жойыңыз. **Бастау** түймесін басып, **Баптаулар** және **Принтерлер** немесе **Принтерлер мен Факстар** тармағын таңдаңыз. Терезені ашу үшін принтер белгішесін екі рет басып, **Жою** немесе **Тоқтату** түймесін басыңыз.


Баспа тапсырмасы жойылғаннан кейін басқару панеліндегі жағдай көрсететін шамдар әлі де жыпылықтап жанып тұрса, бұл компьютердің тапсырманы құрылғыға әлі жіберіп жатқанын білдіреді. Тапсырманы баспа кезегінен тоқтатыңыз немесе компьютер деректерді жіберіп болғанша күтіңіз. Құрылғы жұмысқа даяр жағдайға қайта оралады.

6 Пайдалану және техникалық қызмет

- [Баспа картриджін ауыстыру](#)
- [Принтердің ақпарат беттері](#)
- [Енгізілген Веб сервері \(тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері\)](#)
- [Қамсыздандыру құралдарын басқару](#)
- [Құрылғыны тазалау](#)
- [Тартушы роликті шығарып алыңыз.](#)
- [тартушы роликті тазалаңыз](#)
- [Принтердің бөлуші құрылғысын ауыстыру](#)
- [EconoMode \(үнемдеу режимі\)](#)

Баспа картриджен ауыстыру


1. Баспа картриджінің есігін ашып, ескі баспа картриджін шығарып алыңыз. Қайта өңдеу жөніндегі ақпаратты баспа картриджі қорабының ішінен қараңыз. Баспа картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін бір парақ қағазбен жауып қойып, тікелей жарықтан қорғаңыз.




2. Жаңа баспа картриджін орауышынан шығарып алыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін баспа картриджін әр ұшынан ұстаңыз.


3. Таспалардың барлығы картриджден ажыратылғанша бұрыштаманы тартыңыз. Бұрыштаманы қайта өңдеп пайдалануға қайтару үшін оны картридждің қорабына салып қойыңыз.



4. Картридждің ішіндегі тонерді біркелкі етіп тарату үшін тонер картриджін ақырындап алға-артқа шайқаңыз.



5. Баспа картриджді құрылғыға салып, картридж есігін жабыңыз.



△ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонер киіміңізге тисе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп алып, киімді суық суға шайыңыз. *Ыстық су тонерді матаға жабыстырады.*

📝 **ЕСКЕРІМ:** Тонер азайған кезде басылған бетте өңсіз немесе ашық түсті салалар пайда болады. Тонерді қайта жаймалап шығып, баспа сапасын уақытша жақсартуға болады. Тонерді жаю үшін картриджді құрылғыдан шығарып алып, ақырындап алға-артқа шайқаңыз.

Принтердің ақпарат беттері

Көрсету беті

Көрсету бетінде мәтін мен графика үлгілері беріледі. Көрсету бетін басып шығару үшін оны **Принтер Артықшылықтары** жиекбелгісінің **Қызметтер** тармағының **Ақпараттық бетті басып шығару** жайылмалы тізімінен таңдаңыз.

Конфигурация беті

Конфигурация бетінде ағымдағы параметрлер мен құрылғы қасиеттерінің тізімі көрсетіледі. Сондай-ақ онда принтердің жай-күйі туралы журнал есебі беріледі. Конфигурация бетін басып шығару үшін төмендегі әрекеттердің біреуін орындаңыз:

- Дайын индикаторы жанып, ешқандай басқа тапсырма басылмай жатқанда **Істеу** түймесін басыңыз (тек HP LaserJet P1500 Сериялы).
- Оны **Принтер артықшылықтары** мәзірінің **Қызметтер** жиекбелгісіндегі төмен жайылып түсетін **Ақпараттық бетті басып шығару** тізімінен таңдаңыз.

Қамсыздандыру құралдарының жағдайы туралы бет

Қамсыздандыру құралдарының жағдайы туралы бетті **Ақпараттық бетті басып шығару** жайылмалы тізімінен, **Қызметтер** жиекбелгісінен, **Принтер артықшылықтары** терезесінен басып шығаруға болады. Қамсыздандыру құралдарының жағдайы туралы бетте төмендегі ақпарат беріледі:

- Баспа катриджінде шамамен қалған тонер мөлшері.
- Өңделген беттер мен баспа тапсырмаларының саны.
- Тапсырыс беру және қайта пайдалану туралы ақпарат

Енгiзiлген Веб серверi (тек HP LaserJet P1500 желiлiк модельдерi)


Енгiзiлген Веб серверiн (ЕВС) өз компьютерiңiзден құрылғы мен желi мәртебесiн көру үшiн және баспа қызметтерiн басқару үшiн пайдаланыңыз.

- Құрылғының жай-күйi туралы ақпаратты көру
- Барлық материалдардың қалған қызмет ету мерзiмiн анықтау және жаңаларына тапсырыс беру
- Құрылғының стандартты конфигурация параметрлерiн көру және өзгерту
- Желiнiң конфигурациясын көру және өзгерту

Компьютерге қандай да бiр бағдарлама орнатудың қажетi жоқ. Тек қолдау көрсетiлетiн мына веб-браузерлерiн пайдалану қажет болады:


- Internet Explorer 6.0 (және кейiнгi нұсқалары)
- Netscape Navigator 7.0 (және кейiнгi нұсқалары)
- Firefox 1.0 (және кейiнгi нұсқалары)
- Mozilla 1.6 (және кейiнгi нұсқалары)
- Opera 7.0 (және кейiнгi нұсқалары)
- Safari 1.2 (және кейiнгi нұсқалары)
- Konqueror 3.2 (және кейiнгi нұсқалары)


Енгiзiлген Веб серверi құрылғы TCP/IP протоколына негiзделген желiге қосылған кезде iстейдi. Енгiзiлген Веб серверi IPX протоколына негiзделген байланыстарына немесе тiкелей USB байланыстарына қолдау көрсетпейдi.

 **ЕСКЕРiМ:** Енгiзiлген Веб серверiн ашып, пайдалану үшiн Интернет байланысы қажет емес. Дегенмен, кез келген бетте берiлген сiлтеменi бассаңыз, сол сiлтемемен байланыстырылған сайтқа бару үшiн Интернет байланысы болуы қажет.

Енгiзiлген Веб серверiн ашыңыз

Енгiзiлген веб серверiн ашу үшiн қолдау көрсетiлетiн веб браузерiнiң адрес жолында құрылғының IP адресiн немесе оның хост атын жазыңыз. IP адресiн табу үшiн Дайын шамы жанып, ешқандай тапсырма басылмай тұрған кезде **lctey** түймесiн басып, принтердiң конфигурация бетiн басып шығарыңыз.

 **ЕСКЕРiМ:** HP LaserJet P1500 желiлiк модельдерi тек IPv6 қолдайды. Қосымша ақпарат алу үшiн <http://www.hp.com/support/ljp1500> өтiңiз.

 **КЕҢЕС:** URL (Universal Resource Locator - әмбебап ресурс орны) ашылғаннан кейiн оған келешекте оңай қайта оралу үшiн оның бетбелгiсiн жасап қойсаңыз болады.

Енгiзiлген Веб серверi үш жиекбелгiсiнен құралған. Онда параметрлер мен құрылғы туралы ақпарат болады. **Information** (Ақпарат) бетi, **Settings** (Параметрлер) бетi және **Networking** (Желi құру) бетi.

Ақпарат беті

Ақпараттық беттер тобы келесі беттерден тұрады.

- **Құрылғы мәртебесі** құрылғы мен HP қамсыздандыру құралдарының мәртебесін көрсетеді.
- **Құрылғы конфигурациясы** Конфигурация бетіндегі ақпаратты көрсетеді.
- **Қамсыздандыру құралдарының жағдайы** бетінде HP қамсыздандыру құралдарының жай-күйі көрсетіліп, олардың бөлшек нөмірлері беріледі. Жаңа қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беру үшін терезенің үстіңгі оң жағындағы **Order Supplies** (Қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беру) басыңыз.
- **Желі түйіндемесі** Желі түйіндемесі бетіндегі ақпаратты көрсетеді.

Параметрлер беті

Бұл жиекбелгіні құрылғыны өз компьютеріңізден конфигурациялау үшін пайдаланыңыз. Егер құрылғы желіге қосылған болса, осы беттегі параметрлерді өзгертер алдында міндетті түрде құрылғының администраторымен кеңесіңіз.

Параметрлер жиекбелгісінде ішінен өзіңіз стандартты баспа тапсырмасының параметрлері мен PCL 5e параметрлерін өзгерте алатын **Басып шығару** беті бар.

Желі құру беті

Бұл бет желі администраторының құрылғы IP негізделген желіге қосылған кезде принтердің желімен байланысты параметрлерін басқаруына мүмкіндік береді.

Сілтемелер

Сілтемелер Status (Жай-күй) беттерінің жоғары оң жақ бөлігінде орналасқан. Бұл сілтемелердің кез келген біреуін ашу үшін Интернет байланысы болуы қажет. Егер Интернетке телефон нөмірін теріп кіріп жүрген болсаңыз және енгізілген Веб сервері ашылған кезде оған қосылмаған болсаңыз, бұл Веб сайттарына кірерден бұрын байланысты орнатуыңыз қажет болады. Байланыс орнату үшін енгізілген Веб серверін жауып, қайтадан ашу қажет болуы мүмкін.

- **Order Supplies** (Қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беру). Бұл сілтемені басып, Sure Supply Web сайтына кіріңіз және таңдауыңыз бойынша HP компаниясынан немесе делдалдан нағыз HP қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беріңіз.
- **Product Support** (Өнімдерге техникалық қолдау көрсету). Өнімді қолдау сайтымен байланысады. Бұл сайтта жалпы тақырыптарға қатысты мәселелер бойынша жәрдем табуға болады.

Қамсыздандыру құралдарын басқару

Осы қамсыздандыру құралдары бойынша кепілдік жөніндегі ақпаратты қараңыз [Техникалық қызмет және қолдау 89-бетте](#).

Қамсыздандыру құралдарының қызмет мерзімі

HP LaserJet P1000 Сериялы: ISO/IEC 19752 сәйкес стандартты қара баспа принтерінің мөлшерлі ауыстыруды қажет ететін өнімділігі 1500 бет болып табылады. Нақты өнімділігі пайдалану жағдайларына байланысты.


HP LaserJet P1500 Сериялы: ISO/IEC 19752 сәйкес стандартты қара баспа принтерінің мөлшерлі ауыстыруды қажет ететін өнімділігі 2000 бет болып табылады. Нақты өнімділігі пайдалану жағдайларына байланысты.

Қамсыздандыру құралдарын тексеру және тапсырыс беру

Қамсыздандыру құралдарының жағдайын басқару панелінен, құрылғы бағдарламасынан Қамсыздандыру құралдарының жағдайы бетін басып шығару жолымен тексеріңіз. Hewlett-Packard компаниясы ауыстыратын баспа картридждерінің Аз хабары бірінші рет шығарылғанда баспа картридждеріне тапсырыс беруді ұсынады. Әдеттегі пайдалану барысында, Тапсырыс беру хабары мөлшермен екі аптадай пайдалану мерзімі қалғандығын білдіреді.

Шынайы HP баспа картридждерін пайдаланғанда қамсыздандыру құралдары жөніндегі ақпараттың келесі түрлерін алуға болады:

- Қалған картридж мөлшері
- Қалған беттердің болжалды саны
- Басылған бет саны
- Қамсыздандыру құралдары туралы өзгедей ақпарат

 **ЕСКЕРІМ:** Тонер мөлшері азайғанда басу барысында компьютер экранында ескерту пайда болады.

Қамсыздандыру құралдарының мөлшері азайғанда, телефон арқылы немесе онлайн байланыста жергілікті дилерден қамсыздандыру құралдарына қайта тапсырыс беріңіз. Бөлшек нөмірлерін [Қамсыздандыру құралдары мен керек-жарақтарға тапсырыс беру 86-бетте](#) қараңыз. Онлайн режимінде тапсырыс беру үшін <http://www.hp.com/go/ljsupplies> қараңыз.

Қамсыздандыру құралдарын сақтау жөніндегі нұсқаулықтар

Баспа картридждерін сақтау үшін мына нұсқауларды орындаңыз:

- Баспа картридждерін пайдалануға әзір болғанша қаптамадан шығармаңыз.
- Зақымдалуды болдырмау үшін жарық көзінде бірнеше минуттан артық қалдырмаңыз.
- Жұмыс және сақтау температурасы шектерін [C-5-Кесте Қоршаған орта талаптары 102-бетте](#) қараңыз.
- Қамсыздандыру құралдарын жатқызып сақтаңыз.
- Қамсыздандыру құралдарын қараңғы, құрғақ жерде, ыстық пен магнит көздерінен аулақ сақтаңыз.

Қамсыздандыру құралдарын ауыстырып, қайта өңдеуге жіберіңіз

Жаңа HP баспа картриджді орнатқанда, баспа картридждің қорабындағы нұсқауларды орындаңыз немесе *Алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықты* қараңыз.

Қамсыздандыру құралдарын қайта өңдеу:

- Пайдаланылған қамсыздандыру құралдары ішінен жаңа қамсыздандыру құралы алынған қорапқа салыңыз
- Қайтару затбелгісін толтырыңыз
- Пайдаланылған қамсыздандыру құралдарын қайта өңдеу үшін HP компаниясына жіберіңіз

Толығырақ ақпаратты әр жаңа HP бұйымымен жеткізілетін қайта өңдеу жөніндегі нұсқаулықты қараңыз. HP қайта өңдеу бағдарламасы туралы ақпаратты [Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат 111-бетте](#) қараңыз.

Қайта тарату тонері

Егер басып шығарылған бетте көлеңкелі немесе ақ аумақтар пайда болса, басып шығару сапасын тонерді қайта тарату арқылы уақытша жақсарту алуыңыз мүмкін.

1. Баспа картридждерін принтерден шығарып алыңыз.
2. Тонерді қайта тарату үшін баспа картридждерін алдыға- артқа ақырын сілкіңіз.

△ ЕСКЕРТУ: Егер тонер киіміңізге тисе, құрғақ шүберекпен сүртіп, салқын сумен жуыңыз. *Ыстық су тисе, киімде дақ қалып қояды.*

3. Баспа картридждерін принтерге қайта орнатып, баспа картридждерінің қақпағын жабыңыз. Егер баспа ашық немесе жарамсыз болса, жаңа баспа картридждерін орнатыңыз.

HP компаниясының HP шығармаған қамсыздандыру құралдарына қатысты саясаты

Hewlett-Packard компаниясы HP шығармаған жаңа немесе қайта жасалған қамсыздандыру құралдарын пайдаланбауды ұсынады. Олар HP шығармаған өнімі болып табылған жағдайда HP өнім дизайны мен сапасына ықпал ете алмайды. HP шығармаған қамсыздандыру құралдарын пайдалану салдарынан қажет болған қызмет немесе жөндеу құрылғы кепілдігімен *қамтылмайды.*

Құрылғының HP емес қамсыздандыру құралдарына байланысты қайта қосылуы

HP шығармаған баспа картридждері орнатылған жағдайда компьютеріңізге хабар жіберіледі. Басып шығару үшін, сол HP шығармаған қамсыздандыру құралы бірінші рет орнатылғанда **OK** түймесін басыңыз.

- △ ЕСКЕРТУ:** HP шығармаған қамсыздандыру құралы аз немесе бос жағдайда жай-күй шкаласы көрсетілмегендіктен, құрылғы баспаны тоқтатпай қоюы мүмкін. Құрылғы бос баспа картридждімен баса беруді жалғастырған жағдайда зақымдалуы мүмкін.
-

HP жалған қамсыздандыру құралдарына қарсы веб-сайты

Қамсыздандыру құралының жай-күй шкаласы баспа картриджді HP емес деп көрсетсе, ал сіз оны шынайы деп санасаңыз, <http://www.hp.com/go/antcounterfeit> адресі бойынша HP жалған қамсыздандыру құралдарына қарсы веб-сайтына кіріңіз.

Құрылғыны тазалау

Қажет болғанда құрылғының сыртын таза, дымқыл шүберекпен сүртіп, тазартыңыз.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғының үстін немесе жан-жағын тазалау үшін аммиак негізді тазалағыштарды пайдаланбаңыз.


Басып шығару кезінде құрылғының ішінде қағаз, тонер және шаң жиылып қалуы мүмкін. Уақыт өткен сайын бұл жиналған қалдықтар тонердің дақтары немесе айғыздарының пайда болуы және қағаздардың кептелуі сияқты проблемаларға әкеп соғып, баспа сапасын нашарлатуы мүмкін. Бұл проблемаларды түзету және жою үшін баспа картриджінің айналасы мен құрылғының баспа құралдары өтетін жолды тазалауға болады.

Картридждің айналасын тазалаңыз

Картридждің айналасын жиі тазалаудың қажеті жоқ. Дегенмен, бұл тұсты тазалау басып шығарылған парақтардың сапасын жақсартуы мүмкін.

- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Құрылғыны тазалау алдында құрылғыны ток көзінен ажырату арқылы оны сөндіріп, құрылғы суығанша күтіңіз.


1. Қорек сымын құрылғыдан ажыратыңыз. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шешіп алыңыз.




- △ **ЕСКЕРТУ:** Принтердің ішіндегі қара губка оралған тасымал роликке қол тигізбеңіз. Әйтпесе, құрылғы бұзылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Баспа картриджіне зиян келмеу үшін оны жарыққа қоймаңыз. Оның үстін қағазбен жауып қойыңыз.


2. Құрғақ, тегіс матамен қағаз өтетін жолдың тұсы мен картридж қуысындағы қалдықтардың барлығын сүртіп алыңыз.



3. Баспа картриджін орнына салып, картридж есігін жабыңыз.





4. Қорек сымын құрылғыға жалғаңыз.




Құрылғының қағаз өту жолын тазалау

Егер басылған беттерде тонер нүктелері немесе дақтары болса, қағаз өтетін жолды тазалаңыз. Тазалау барысында қағаз өтетін жолдағы шаң мен тонерді кетіру үшін мөлдір үлдір пайдаланылады. Мөрлі немесе қалың қағаз пайдаланбаңыз.



 **ЕСКЕРІМ:** Нәтижелер барынша жақсы болу үшін мөлдір үлдір пайдаланыңыз. Мөлдір үлдір жоқ болса, көшіру аппаратына қолданылатын тегіс бетті құралды (70 - 90 г/м²) пайдалануыңызға болады.

1. Құрылғы бос тұрғанына және Дайын шамы жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Баспа құралын негізгі беруші науаға салыңыз.
3. Бір тазалағыш бетті басып шығарыңыз. Принтердің **Қасиеттер** тармағына (немесе Windows 2000 мен XP жүйелерінде **Баспа артықшылықтары**) кіріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Тазартуға шамамен 2 минут кетуі мүмкін. Тазарту барысында тазалағыш бет қайта-қайта тоқтап отырады. Тазарту аяқталмайынша, құрылғыны сөндірмеңіз. Құрылғыны толық тазарту үшін тазарту процесін бірнеше рет қайталау қажет болуы мүмкін.

Тартушы роликті шығарып алыңыз.


Жақсы баспа құралымен қалыпты пайдалану тозу себебі болады. Нашар баспа құралын пайдалану тартушы роликті жиі ауыстыртуы мүмкін.

Егер құрылғы жиі ала алмай қалса (баспа құралы әперілмесе) Сізге тарту ролигін ауыстыру немесе тазарту қажет. Жаңа тарту ролигіне тапсырыс беру үшін [тартушы роликті тазалаңыз 55-бетте](#) қараңыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Осы процедураны аяқтамау құрылғының зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, ескі баспа картриджін шешіп алыңыз. Қайта өңдеу жөніндегі ақпаратты баспа картриджінің қорабы ішінен қараңыз.


△ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджіне зиян келмеу үшін оны тікелей жарық әсеріне ұшырауын барынша азайту қажет. Баспа картриджін бір парақ қағазбен жауып қойыңыз.




2. Тартушы роликті тауып алыңыз.




3. Тартушы роликтің әр ұшындағы кішкентай, ақ құлақшаны босатып, тартушы роликті алдыға қарай бұраңыз.




4. Тартушы роликті ақырындап тартып, шығарып алыңыз.




5. Жаңа тартушы роликті ойыққа орнатыңыз. Әр ұшындағы дөңгелек және төртбұрышты ойықтар Сізге қате орналастыру мүмкіндігін бермейді.



6. Жаңа тартушы роликті екі жағы да орнына қонғанша өзіңізден әрі қарай бұраңыз.




7. Баспа картриджін құрылғыға салып, картридж есігін жабыңыз.



тартушы роликті тазалаңыз


Тартушы роликті ауыстырмас бұрын тазалағыңыз келсе, келесі нұсқаулықтарды орындаңыз:

1. Құрылғының қорек сымын ажыратып, [Тартушы роликті шығарып алыңыз. 52-бетте](#) 1-5 адымдарында сипатталған жолмен тартушы роликті шығарып алыңыз
2. Тегіс матаны изопропил алкогольді затына малып, роликті сүртіңіз.




⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Алкоголь отқа қауіпті. Алкоголь мен шүберекті ашық оттан қорғаңыз. Құрылғыны жауып, қорек сымын жалғағанға дейін алкогольдің толық кебуіне мүмкіндік беріңіз.

3. Тартушы роликтегі еріген кірді кетіру үшін құрғақ, тегіс матамен сүртіңіз.



4. Құрылғыға қайта орнатпас бұрын, тартушы роликтің толық кебуіне мүмкіндік беріңіз.





5. Қорек сымын құрылғыға жалғаңыз.

Принтердің бөлуші құрылғысын ауыстыру


Жақсы баспа құралымен қалыпты пайдалану тозу себебі болады. Нашар баспа құралын пайдалану бөлуші құрылғыны жиі ауыстыртуы мүмкін.

Егер құрылғы бірден бірнеше парақ баспа құралын жиі тартып алатын болса, бөлуші құрылғыны ауыстыру қажет болуы мүмкін.


 **ЕСКЕРІМ:** Бөлуші құрылғыны ауыстырмас бұрын, тартушы роликті тазалаңыз. [тартушы роликті тазалаңыз 55-бетте](#) қараңыз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Принтердің бөлуші құрылғысын тазалар алдында құрылғыны ток көзінен ажырату арқылы оны сөндіріп, құрылғы суығанша күтіңіз.


1. Құрылғыны қабырғадағы розеткадан ажыратыңыз.
2. Қағазды шығарып, негізгі беруші науаны жабыңыз. Құрылғыны алдына тігінен қойыңыз.
3. Құрылғының астыңғы бөлігінде, бөлуші құрылғыны ұстап тұрған екі бұранданы бұрап алыңыз.




4. Бөлуші құрылғыны шешіп алу.



5. Жаң бөлуші құрылғыны орнатып, орнына бұрап бекітіңіз.



6. Құрылғыны қабырғадағы розеткаға жалғап, құрылғыны қосыңыз.




EconoMode (үнемдеу режимі)

EconoMode режимінде құрылғы әр бетке азырақ тонер жұмсайды. Бұл опцияны таңдау баспа картриджін пайдалану мерзімін ұзартып, әр бет құнын төмендетуге көмектеседі. Бірақ ол баспа сапасын да төмендетеді. Басып шығарылған сурет ашығырақ, бірақ жобалар немесе тексерілетін нұсқалар үшін жарамды.

HP EconoMode режимін әрдайым пайдалануға кеңес бермейді. EconoMode әрдайым пайдаланыла берсе, тонер баспа картриджіндегі механикалық бөлшектерінен де көп істеуі мүмкін. Егер осындай жағдайларда баспа сапасы төмендей бастаса, картридж ішінде тонер қалса да, жаңа баспа картриджін орнату қажет.

1. EconoMode режимін пайдалану үшін принтердің **Қасиеттер** жиекбелгісін (немесе, Windows 2000 және XP жүйелерінде **Баспа Артықшылықтарын** ашыңыз).
2. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) бетінде немесе **Finishing** (Аяқтау) бетінде (кейбір Mac драйверлерінде бұл бет **Paper Type/Quality** (Қағаз Түрі/Сапа) деп белгіленген) **EconoMode** (Үнемдеу режимі) ұясын белгілеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Барлық драйверлер мен операциялық жүйелерде принтер мүмкіндіктерінің барлығы бола бермеуі мүмкін. Принтер драйверінде ондай мүмкіндіктердің бар-жоғын білу үшін осы принтердің қасиеттері мәзіріндегі анықтаманы қараңыз.

7 Проблемаларды шешу

- [Проблемаларды шешу тізімі](#)
- [Жағдай жарығының үлгілері](#)
- [Кептелуді жою](#)
- [Баспа сапасын жақсарту](#)
- [Баспа құралы проблемасын шешу](#)
- [Басып шығарылған бет экрандағыға ұқсамайды](#)
- [Принтер бағдарламасына қатысты проблемалар](#)
- [Macintosh жүйесінде жалпы кездесетін проблемалар](#)
- [Желі құруға қатысты проблемаларды шешу](#)

Проблемаларды шешу тізімі

1-қадам: Құрылғы дұрыс бапталған ба?

- Құрылғы жұмыс істеп тұрған ток көзіне қосылған ба?
- Қорек ауыстырып-қосқышы қосулы күйінде тұр ма?
- Баспа картриджі дұрыс орнатылған ба? [Баспа картриджін ауыстыру 42-бетте](#) қараңыз.
- Қағаз беруші науаға дұрыс салынған ба? [Баспа құралын салу 31-бетте](#) қараңыз.

Иә


Жоғарыдағы сұрақтарға "Иә" деп жауап берген болсаңыз, [2-қадам: "Дайын" шамы қосулы ма? 62-бетте](#) өтіңіз.

Жоқ

Құрылғы іске қосылмаса, [HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте](#).

2-қадам: "Дайын" шамы қосулы ма?

Басқару панелінде "Дайын" шамы (1) жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.



Иә

[3-қадам: Конфигурациялау бетін басып шығара аласыз ба? 62-бетте](#) өтіңіз.

Жоқ

Басқару панеліндегі шамдар жоғарыдағы суреттегідей жанып тұрмаса, [Жағдай жарығының үлгілері 65-бетте](#) қараңыз.

Егер проблеманы шеше алмасаңыз, [HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте](#).

3-қадам: Конфигурациялау бетін басып шығара аласыз ба?

Конфигурация бетін басып шығару үшін төмендегі әрекеттердің біреуін орындаңыз:

- "Дайын" шамы жанып, ешқандай басқа тапсырма басылмай тұрған кезде **Істеу** түймесін басыңыз (тек HP LaserJet P1500 Сериялы).
- Оны **Принтер артықшылықтары** мәзірінің **Қызметтер** жиекбелгісіндегі төмен жайылып түсетін **Ақпараттық бетті басып шығару** тізімінен таңдаңыз.

Иә	Конфигурациялау беті басып шығарылса, 4-қадам: Баспа сапасы жарамды ма? 63-бетте өтіңіз.
Жоқ	Ешбір қағаз шықпаса, Баспа құралы проблемасын шешу 76-бетте қараңыз. Егер проблеманы шеше алмасаңыз, HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте .

4-қадам: Баспа сапасы жарамды ма?

Иә	Баспа сапасы жарамды болса, 5-қадам: Құрылғы мен компьютер арасында байланыс бар ма? 63-бетте өтіңіз.
Жоқ	Баспа сапасы нашар болса, Баспа сапасын жақсарту 71-бетте қараңыз. Сіз пайдаланып отырған баспа құралдарының баспа параметрлері дұрыс екендігіне көз жеткізіңіз. Әр түрлі баспа құралдарының параметрлерін реттеу туралы ақпаратты Қолдау көрсетілетін қағаз бен өзге де баспа құралдары 23-бетте қараңыз. Егер проблеманы шеше алмасаңыз, HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте .

5-қадам: Құрылғы мен компьютер арасында байланыс бар ма?

Бір бағдарламадан бір құжат басып шығарып көріңіз.

Иә	Құжат басып шығарылса, 6-қадам: Басып шығарылған беттің түрі сіз күткендей ме? 63-бетте өтіңіз.
Жоқ	Құжат басылып шықпаса, Принтер бағдарламасына қатысты проблемалар 80-бетте қараңыз. Macintosh компьютерін пайдаланып жатқан болсаңыз, Macintosh жүйесінде жалпы кездесетін проблемалар 81-бетте қараңыз. Егер проблеманы шеше алмасаңыз, HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте .


6-қадам: Басып шығарылған беттің түрі сіз күткендей ме?

Иә	Проблема шешілуі керек. Ол шешілмесе, Басып шығарылған бет экрандағыға ұқсамайды 78-бетте .
Жоқ	Егер проблеманы шеше алмасаңыз, HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте .

HP қолдау қызметіне хабарласыңыз

- АҚШ аумағында қараңыз: <http://www.hp.com/support/ljp1000> - HP LaserJet P1000 Сериялы үшін немесе <http://www.hp.com/support/ljp1500> - HP LaserJet P1500 Сериялы үшін.
- Басқа жерлерде <http://www.hp.com/> қараңыз.

Жағдай жарығының үлгілері









Кесте 7-1 Жағдай жарығының түсіндірмесі

	"жарық сөндірулі" белгісі
	"жарық қосулы" белгісі
	"жарық жыпылықтап тұр" белгісі



Кесте 7-2 Басқару панелінің жарық хабарламалары

HP LaserJet P1000 Сериялы жарық жағдайы	HP LaserJet P1500 Сериялы жарық жағдайы	Құрылғы жағдайы	Әрекет
		Дайын Құрылғы бос және жұмысқа дайын тұр.	Конфигурациялау бетін басып шығару үшін Істеу түймесін басыңыз (тек HP LaserJet P1500 желілік модельдері).
		Деректерді өңдеу Құрылғы деректерді өңдеуде немесе қабылдауда.	Ағымдағы тапсырманы тоқтату үшін Тоқтату түймесін басыңыз (тек HP LaserJet P1006/P1009/ P1500 Сериялы).

Кесте 7-2 Басқару панелінің жарық хабарламалары (жалғасы)

HP LaserJet P1000 Сериялы жарық жағдайы	HP LaserJet P1500 Сериялы жарық жағдайы	Құрылғы жағдайы	Әрекет
		<p>Қолмен беру тәсілі немесе Созылмалы қате</p> <p>Бұл жағдай келесідей жағдайларда туындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қолмен беру тәсілі • Жалпы созылмалы қате 	<p>Қатені түзетіп, жарамды деректерді басып шығару үшін Icsteu түймесін басыңыз (тек HP LaserJet P1500 Сериялы).</p> <p>Қатені түзету сәтті болса, құрылғы Деректерді өңдеу жағдайын жалғастырып, жұмысты аяқтайды.</p> <p>Қатені түзелмесе, құрылғы Созылмалы қате жағдайына өтеді. Баспа құралы өтетін жолдағы қандай да бір баспа құралын алып тастап, құрылғының қорегін сөндіріп, қайта қосып көріңіз.</p>
		<p>Назар аударыңыз</p> <p>HP LaserJet P1000 Сериялы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Баспа картриджінің есігі ашық • Қағаз кептелуі • Картридж орнатылмаған • Қағаз жоқ <p>HP LaserJet P1500 Сериялы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Баспа картриджінің есігі ашық • Қағаз кептелуі • Қағаз жоқ 	<p>Баспа картриджінің есігін жауып, кептелген қағазды алыңыз, картриджді орнатыңыз немесе үстіне қағаз салыңыз.</p>
		<p>Түзелмейтін қате</p> <p>Құрылғы түзетілмейтін қатеге кезікті.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Құрылғыны сөндіріп, 10 секунд күтіңіз де, құрылғыны қосыңыз. • Проблеманы шеше алмасаңыз, HP тұтынушыларды қолдау қызметі 96-бетте қараңыз.

Кесте 7-2 Басқару панелінің жарық хабарламалары (жалғасы)


HP LaserJet P1000 Сериялы жарық жағдайы	HP LaserJet P1500 Сериялы жарық жағдайы	Құрылғы жағдайы	Әрекет
	<p>Тонер аз</p> <p>"Істеу", "Дайын" және "Назар аударыңыз" шамдары "Тонер аз" жағдайынан бөлек істейді (тек HP LaserJet P1500 Сериялы).</p>	<p>Жаңа баспа картриджіне тапсырыс беріп, оны дайындап алыңыз. Қамсыздандыру құралдары мен керек-жарақтарға тапсырыс беру 86-бетте қараңыз.</p>	
	<p>Тонер жоқ</p> <p>Баспа картриджі құрылғыдан шығарып алынды (тек HP LaserJet P1500 Сериялы).</p>	<p>Баспа картриджін құрылғыға қайтадан салыңыз.</p>	

Кептелуді жою

Кейде баспа барысында баспа құралдары кептеліп қалады. Сізге басқару панелінің жарықтары арқылы хабар беріледі.

Төменде кептелудің кейбір себептері берілген:

- Беруші науалар дұрыс толтырылмаған немесе асыра толтырылған.

 **ЕСКЕРІМ:** Баспа құралын қосқаныңызда, міндетті түрде беруші науадағы баспа құралдарының барлығын алып шығып, жаңа баспа құралының дестесін туралаңыз. Ол парақтардың көптеп әперілуін болдырмай, баспа құралдарының кептелуін азайтады.


- Баспа құралдары HP компаниясының техникалық шарттарына сай келмейді.
- Құрылғының қағаз өтетін жолдарын қағаз шаңынан және басқа қалдықтардан тазалау қажет болуы мүмкін.

Құрылғыда қағаз кептелгеннен кейін шашылған тонер қалуы мүмкін. Бірнеше бет басып шығарылған соң, бұл тонер өзі тазаланады.

△ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонер киіміңізге тисе, оны суық сумен жуыңыз. *Ыстық су тонерді матаға жабыстырады.*

Баспа құралдарының әдеттегі кептелу орындары

- **Баспа картриджінің айналасы:** [Кептелген парақты алып тастау 68-бетте](#) қараңыз.
- **Беруші науаның айналасы:** Егер қағаз әлі де шығару науасына қарай шығып тұрса, қағазды жыртып алмай, оны ақырындап шығару науасынан тартып алуға тырысыңыз. Кедергі сезінсеңіз, [Кептелген парақты алып тастау 68-бетте](#) қараңыз.
- **Шығару жолы:** Егер бет шығару науасына шығып тұрса, [Кептелген парақты алып тастау 68-бетте](#) қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Құрылғыда қағаз кептелгеннен кейін шашылған тонер қалуы мүмкін. Бірнеше бет басып шығарылған соң, бұл тонер өзі тазаланады.


Кептелген парақты алып тастау

△ **ЕСКЕРТУ:** Баспа құралдарының кептелуі парақта бос тонер қалдыруы мүмкін. Егер тонер киіміңізге тисе, оны суық сумен жуыңыз. *Ыстық су тонерді матаға жабыстырады.*

Баспа картриджінің айналасындағы кептелуді тазалау


△ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді жою үшін өткір заттар, мысалы пинцет немесе өткір ұшты кемпірауыз пайдаланбаңыз. Олармен келтірілген зақымдау кепілдікпен қамтылмайды.

1. Картридж есігін ашып, содан кейін картриджді құрылғыдан шығарып алыңыз.





△ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджіне зиян келмеу үшін оны тікелей жарық әсеріне ұшырауын барынша азайту қажет.

2. Баспа құралының ең көрнекі жағын қос қолдап ұстап (соның ішінде оның ортасын), абайлап құрылғыдан тартып шығарыңыз.




3. Баспа картриджін орнына салып, картридж есігін жабыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Баспа құралын қосқаныңызда, беруші науадағы баспа құралдарының барлығын алып шығып, жаңа баспа құралының дестесін туралаңыз.

Баспа сапасын жақсарту

Бұл бөлімде баспа ақауларын анықтау және түзету туралы ақпарат беріледі.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер бұл қадамдар проблеманы жоймаса, HP компаниясының өкілетті дилерімен немесе техникалық қызмет өкілімен хабарласыңыз.

Басылған бейне ашық немесе өңсіз шығады




- Баспа картриджінің қызмет мерзімі бітуге жақын.
- Баспа құралдары Hewlett-Packard компаниясы баспа құралдары үшін белгілеген техникалық шарттарға сай болмауы мүмкін (мәселен, баспа құралдары тым ылғалды немесе тым қалың).
- Егер бүкіл бет ашық түсті болып шықса, баспа тығыздығы тым ашық болып белгіленген немесе EcoMode режимі қосылып қалған болуы мүмкін. Баспа тығыздығын реттеп алып, принтер Қасиеттері бетіндегі EcoMode режимін өшіріңіз.

Тонер нүктелері




- Баспа құралдары Hewlett-Packard компаниясы баспа құралдары үшін белгілеген техникалық шарттарға сай болмауы мүмкін (мәселен, баспа құралдары тым ылғалды немесе тым қалың).
- Құрылғыны тазалау қажет болуы мүмкін. [Құрылғыны тазалау 49-бетте](#) қараңыз

Беттің кейбір жерлеріне бейне басылмаған




- Баспа құралының бір парағы ақаулы болуы мүмкін. Тапсырманы қайтадан басып шығарып көріңіз.
- Баспа құралының ылғалдығы тегіс таралмаған немесе баспа құралының бетінде ылғалды жерлер бар. Жаңа баспа құралына басып шығарып көріңіз.
- Баспа құралдарының тобы ақаулы болуы мүмкін. Өндіріс барысында кейбір жерлер тонерді қабылдамауы мүмкін. Түрі немесе сауда белгісі басқа бір баспа құралын пайдаланып көріңіз.
- Принтер картриджі ақаулы болуы мүмкін.

Тік сызықтар



Баспа картриджінің ішіндегі фотосезгіш барабан тырналып қалған болуы мүмкін. HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатыңыз. [Баспа картриджін ауыстыру 42-бетте](#) қараңыз.

Беттің фоны сұр болып шығады




- 1-науа орнында екеніне көз жеткізіңіз.
- Баспа қоюлығының параметрін енгізілген Веб сервері арқылы азайтыңыз. Ол фондық көлеңкелеу мөлшерін азайтады.
- Баспа құралдарын жеңілірек түріне ауыстырыңыз.
- Құрылғының орнатылған ортасын тексеру. Өте құрғақ (ылғалдылығы төмен) жағдайларда фонның боялуы артады.
- HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатыңыз. [Баспа картриджін ауыстыру 42-бетте](#) қараңыз.

Тонер айғыздалып шығады



- Егер тонер баспа құралдарының принтер ішіне бірінші кіретін шетіне жағылып шықса, баспа құрал бағыттаушылары кірленген болуы мүмкін. Баспа құралы бағыттаушыларын құрғақ, тегіс матамен сүртіңіз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатып көріңіз. [Баспа картриджін ауыстыру 42-бетте](#) қараңыз.
- Тонердің термиялық құрылғысының температурасы тым төмен болуы мүмкін. Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.

Бос тонер




- Құрылғының ішін тазалаңыз. [Құрылғыны тазалау 49-бетте](#) қараңыз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз. [Қолдау көрсетілетін қағаз бен өзге де баспа құралдары 23-бетте](#) қараңыз.
- HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатып көріңіз. [Баспа картриджін ауыстыру 42-бетте](#) қараңыз].
- Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны желілік фильтрдің орнына тікелей айнымалы ток көзіне немесе ауытқудан қорғаушыға қосыңыз.

Қайталанатын тік ақаулар




- Принтер картриджі зақымдалған болуы мүмкін. Егер ақау беттің бір жерінде қайталанып шықса, HP компаниясының жаңа принтер картриджін орнатыңыз. [Баспа картриджін ауыстыру 42-бетте](#) қараңыз.
- Принтердің ішкі бөлшектерінде тонер болуы мүмкін. Егер ақаулар парақтың артқы бетінде шықса, бұл проблема бірнеше бет басып шығарылғаннан кейін өздігінен жоғалуы мүмкін.
- Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.

Таңбалар дұрыс қалыптаспаған




- Егер таңбалар дұрыс қалыптаспай, соның салдарынан бейне бұзылып шықса, баспа құралдарының дестесі тым тайғанақ болуы мүмкін. Баспа құралының басқа бір түрін пайдаланып көріңіз. [Қолдау көрсетілетін қағаз бен өзге де баспа құралдары 23-бетте](#) қараңыз.
- Егер таңбалар дұрыс қалыптаспай, толқын сияқты шықса, құрылғыға техникалық қызмет қажет болуы мүмкін. Конфигурация бетін басып шығарыңыз. Егер таңбалар дұрыс қалыптаспаған болса, HP компаниясының өкілетті дилерімен немесе техникалық қызмет өкілімен хабарласыңыз. [HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте](#) қараңыз.

Бет қисық шығады




- Баспа құралдарының науаға дұрыс салынғанына және баспа құралы бағыттаушылары баспа құралдары дестесін тым қатты немесе тым бос ұстамайтынына көз жеткізіңіз.
- Беруші науа асыра толтырылған болуы мүмкін.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.

Парақ бұралып немесе толқынданып шығады




- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз. Жоғары температура мен ылғалдылық баспа құралдарының бұралуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Баспа құралдары әперу науасында ұзақ уақыт жатып қалуы мүмкін. Науадағы баспа құралдарын аударыңыз. Сондай-ақ, баспа құралдарын 180° градусқа айналдырып көріңіз.
- Тонердің термиялық құрылғысының температурасы тым жоғары болуы мүмкін. Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз. Егер проблема жойылмаса, мөлдір үлдір не жеңіл баспа құралдары сияқты төменірек термиялық құрылғы температурасын талап ететін баспа құралы түрін таңдаңыз.

Умаждау немесе бүгілу



- Баспа құралдары науа ішіне дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. [Қолдау көрсетілетін қағаз бен өзге де баспа құралдары 23-бетте](#) қараңыз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз. Сондай-ақ, баспа құралдарын 180° градусқа айналдырып көріңіз.
- Конверттерде бұл конверт ішінде жабылып қалған ауадан пайда болуы мүмкін. Конвертті шығарып, жазыңыз және содан кейін қайтадан басып шығарып көріңіз.

Таңбаның айналасына тонер шашырап шығады



- Егер таңбалардың айналасына тонер көп шашыраса, баспа құралдары тонерді қабылдамайтын болуы мүмкін. (Аздаған тонер шашырау лазерлі принтер үшін қалыпты болып табылады.) Баспа құралының басқа бір түрін пайдаланып көріңіз. [Қолдау көрсетілетін қағаз бен өзге де баспа құралдары 23-бетте](#) қараңыз.
 - Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз.
 - Лазерлі принтерлерге арналған баспа құралын пайдаланыңыз.
-

Баспа құралы проблемасын шешу

Келесі баспа құралы проблемалары баспа сапасының ауытқуларына, кептелуге немесе құрылғының бұзылуына әкеліп соғады.

Проблема	Себеп	Шешім
Баспа сапасының немесе тонер жұғыының нашарлығы	Қағаз тым ылғалды, тым қалың, тым ауыр немесе тым тегіс, не болмаса ол ісініп кеткен немесе ақаулы қағаздар дестесінен алынған.	Шеффилд шкаласы бойынша 100 бен 250 аралығындағы ылғалдығы 4 % - 6 % болатын басқа қағаз түрін қолданып көріңіз.
Түсіп қалу, кептелу немесе бұралу	Қағаз дұрыс сақталмаған.	Қағазды өзінің ылғалға төзімді орауышында жазық күйде сақтаңыз.
	Қағаздың бір жағы мен екінші жағында айырмашылық бар.	Қағазды аударыңыз.
Шектен тыс бұралу	Қағаз тым ылғалды, түйірлілігі қате немесе келте.	Ұзын талшықты қағазды пайдаланыңыз.
	Қағаздың бір жағы мен екінші жағында айырмашылық бар.	Қағазды аударыңыз.
Кептелу, құрылғының зақымдануы	Қағазда қиықтар немесе тесіктер бар.	Қиықтары немесе тесіктері жоқ қағазды пайдаланыңыз.
Қағаз беру проблемалары	Қағаздың шеттері тегіс емес.	Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағазды пайдаланыңыз.
	Қағаздың бір жағы мен екінші жағында айырмашылық бар.	Қағазды аударыңыз.
	Қағаз тым ылғалды, тым қалың, тым ауыр не тым тегіс, түйірлілігі қате не келте, не болмаса ол ісініп кеткен не ақаулы қағаздар дестесінен алынған.	Шеффилд шкаласы бойынша 100 бен 250 аралығындағы ылғалдығы 4 % - 6 % болатын басқа қағаз түрін қолданып көріңіз. Ұзын талшықты қағазды пайдаланыңыз.
Баспа қисық.	Баспа құралының бағыттаушылары қате реттелген болуы мүмкін.	Беруші науадағы барлық баспа құралдарын шығарып, дестесін туралап алыңыз да, содан кейін баспа құралдарын беруші науаға қайта салыңыз. Құрал бағыттаушыларын пайдаланылатын құралдың еніне сай етіп икемдеп, содан кейін басып шығарып көріңіз.
Бір уақытта бірнеше бет беріледі.	Беруші науада тым көп баспа құралы болуы мүмкін.	Науадан бірнеше баспа құралын алып тастаңыз.
	Баспа құралы умаждалған, бүктелген немесе бұзылған болуы мүмкін.	Баспа құралының умаждалған, бүктелген немесе бұзылған болмауына көз жеткізіңіз. Жаңа немесе басқа пакеттегі баспа құралымен басып шығарып көріңіз.

Проблема	Себеп	Шешім
Құрылғы баспа құралын беретін науадан баспа құралын алмай жатыр.	Құрылғы қолмен беру режимінде болуы мүмкін.	Құрылғы қолмен беру режимінде еместігіне көз жеткізіп, тапсырманы қайта басып шығарыңыз.
	Тартушы ролик кірленген немесе бұзылған болуы мүмкін.	HP тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. HP қолдау қызметіне хабарласыңыз 64-бетте немесе қораптың ішіндегі қолдау флаерін қараңыз.
	Негізгі науадағы қағаз ұзындығын реттеу құралы баспа құралының өлшемінен ұзын мөнге қойылған.	Ұзындықты түзету үшін қағаз ұзындығын реттеу құралын дұрыс ұзындыққа дейін реттеңіз.

Басып шығарылған бет экрандағыға ұқсамайды

Бүлінген, қате немесе аяқталмаған мәтін

- Принтер бағдарламасы орнатылған кезде қате принтер драйвері таңдалған болуы мүмкін. Принтердің **Қасиеттер** тармағында дұрыс принтер драйверінің таңдалуын қамтамасыз етіңіз.
- Нақты бір файлдан бүлінген мәтін басылып шықса, проблема сол нақты бір файлда болуы мүмкін. Нақты бір қолданбадан бүлінген мәтін басылып шықса, проблема сол нақты бір қолданбада болуы мүмкін. Дұрыс принтер драйверінің таңдалуын қамтамасыз етіңіз.
- Проблема бағдарламада болуы мүмкін. Басқа бір бағдарламадан басып шығарып көріңіз.
- USB кабелі бос немесе ақаулы болуы мүмкін.
 - Кабельді екі жағынан ажыратып, қайта жалғаңыз.
 - Сіз жұмыс істейтінін білетін тапсырманы басып шығарып көріңіз.
 - Мүмкін болса, кабель мен құрылғыны басқа компьютерге қосып, сіз жұмыс істейтінін білетін тапсырманы басып шығарып көріңіз.
 - 3 м немесе одан да қысқа жаңа USB 2.0 кабелін пайдаланып көріңіз.
 - Құрылғы мен компьютерді сөндіріңіз. USB кабелін ажыратып, екі жағынан да зақымданған жерлерін тексеріңіз. Кабельді қайта жалғап, қосылыстардың нық болуын қамтамасыз етіңіз. Құрылғының тікелей компьютерге қосылуын қамтамасыз етіңіз. Компьютердегі USB порты мен құрылғының арасында жалғанған барлық ауыстырып-қосу қораптарын, магнит таспа жинақтауыштарын, қауіпсіздік кілттерін немесе қандай да бір басқа құрылғыларды ажыратып алыңыз. Бұл құрылғылар кейде компьютер мен құрылғы арасындағы байланысқа кедергі жасауы мүмкін. Құрылғы мен компьютерді қайта қосыңыз.

Графика не мәтін жоқ, немесе бос парақтар

- Файлыңызда бос беттер болмауын қамтамасыз етіңіз.
- Жапсырма таспа әлі де баспа картриджінде болуы мүмкін. Баспа картриджін шығарып алып, таспа түгелдей картриджден суырылып шыққанша бұрыштаманы тартыңыз. Баспа картриджін орнына салыңыз. Нұсқауларды [Баспа картриджін ауыстыру 42-бетте](#) қараңыз. Құрылғыны тексеру үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетін қалай басып шығаруға болатындығы жайлы нұсқауларды [Конфигурация беті 44-бетте](#) қараңыз.
- Принтердің **Қасиеттер** тармағындағы сіз басып шығаратын тапсырманың графика параметрлері дұрыс болмауы мүмкін. Принтер Қасиеттерінде басқа графика параметрлерін пайдаланып көріңіз.
- Құрылғыны, әсіресе баспа картриджі мен қорек блогы арасындағы түйіспелерді тазалаңыз.

Бет форматы басқа бір HP LaserJet принтеріндегіге ұқсамайды.


Құжат жасау үшін ескі немесе басқа бір HP LaserJet принтер драйверін (принтер бағдарламасы) пайдаланған болсаңыз, немесе бағдарламадағы принтердің **Қасиеттер** параметрлері басқа

болса, сіз жаңа принтер драйверін немесе параметрлерін пайдаланып басып шығарғанда бет форматы өзгеруі мүмкін. Бұл проблеманы жою үшін келесілерді жасап көріңіз:

- Құжаттарды пайдаланылатын **HP LaserJet** принтер түріне қарамастан, бірдей принтер драйвері (принтер бағдарламасы) мен принтер Қасиеттері параметрлерінің көмегімен жасап, басып шығарыңыз.
- Ажыратымдылықты, қағаз өлшемін, әріп параметрлерін және басқа параметрлерді өзгертіңіз.

Графикалар сапасы

Графика параметрлері баспа тапсырмасы үшін жарамсыз болуы мүмкін. Принтердің **Қасиеттер** тармағындағы ажыратымдылық сияқты графика параметрлерін тексеріп, қажет болған жағдайда оларды реттеңіз

 **ЕСКЕРІМ:** Сіз бір графика форматынан басқасына өзгерту кезінде ажыратымдылықты аздап жоғалтуыңыз мүмкін.

Принтер бағдарламасына қатысты проблемалар

Кесте 7-3 Принтер бағдарламасына қатысты проблемалар

Проблема	Шешім
Принтер белгішесі Принтер папкасында көрінбейді	<ul style="list-style-type: none">Принтер бағдарламасын қайтадан орнатыңыз. Windows операциялық жүйесінің тапсырмалар панеліндегі Бастау түймесін басып, Бағдарламалар, HP тармағын таңдап, принтеріңізді басып, одан кейін Жою түймесін басыңыз. Принтер бағдарламасын CD-ROM құрылғысынан орнатыңыз. ЕСКЕРІМ: Барлық істеп тұрған бағдарламаларды жабыңыз. Жүйелік науада белгішесі бар бағдарламаны жабу үшін маустың оң жақтағы түймесін басып, Close (Жабу) немесе Disable (Өшіріп қою) командасын таңдаңыз.USB кабелін компьютердің басқа бір USB портына қосып көріңіз.
Бағдарламаны орнату кезінде қате туралы хабарлама пайда болды	<ul style="list-style-type: none">Принтер бағдарламасын қайтадан орнатыңыз. Windows операциялық жүйесінің тапсырмалар панеліндегі Бастау түймесін басып, Бағдарламалар, HP тармағын таңдап, принтеріңізді басып, одан кейін Жою түймесін басыңыз. Принтер бағдарламасын CD-ROM құрылғысынан орнатыңыз. ЕСКЕРІМ: Барлық істеп тұрған бағдарламаларды жабыңыз. Тапсырмалар панелінде белгішесі бар бағдарламаны жабу үшін маустың оң жақтағы түймесін басып, Close (Жабу) немесе Disable (Өшіріп қою) командасын таңдаңыз.Принтер бағдарламасы орнатылатын қатқыл дискіде қанша бос орын қалғандығын тексеріңіз. Қажет болса, мүмкіндігінше көбірек орын босатып, принтер бағдарламасын қайтадан орнатыңыз.Қажет болса, Disk Defragmenter (дискіні дефрагментациялау) бағдарламасын қосып, принтер бағдарламасын қайтадан орнатыңыз.
Принтер Ready (Дайын) режимінде тұр, бірақ ештеңе басып шығармайды	<ul style="list-style-type: none">Принтердің басқару панелінен конфигурация бетін басып шығарып, принтердің дұрыс жұмыс істейтінін тексеріп алыңыз.Барлық кабельдер дұрыс қосылғанын және олардың техникалық талаптарға сай келетіндігін тексеріңіз. Бұл USB кабеліне, желілік және қорек кабельдеріне қатысты. Жаңа кабель қосып көріңіз.

Macintosh жүйесінде жалпы кездесетін проблемалар

Кесте 7-4 Mac OS X проблемалары

Принтер драйвері Баспа орталығындағы немесе Принтер баптау утилитасындағы тізімде жоқ.

Себеп	Шешім
Бағдарлама орнатылмаған немесе қате орнатылған болуы мүмкін.	PM және PE қосымша бағдарламалары қатқыл диск жетегінің келесі папкасында орналастырылғандығын тексеріңіз: <code>Library/Printers/hp/laserjet/<product_name></code> . Қажет болса, бағдарламаны қайта орнатыңыз. <i>Алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулық</i> қараңыз.

Құрылғы атауы, IP адресі немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттары Баспа орталығы немесе Принтер баптау утилитасындағы принтерлер тізімінде шықпайды.

Себеп	Шешім
Құрылғы дайын болмауы мүмкін.	Кабельдердің дұрыс қосылуын, құрылғы қосулы болуын және дайындық индикаторы жанып тұруын қамтамасыз етіңіз. USB немесе Ethernet хабы арқылы байланыстыратын болсаңыз, компьютерге тікелей жалғап көріңіз немесе басқа бір портты пайдаланыңыз.
Қате байланыс түрі таңдалған болуы мүмкін.	Құрылғы мен компьютер арасындағы байланыс түріне қарай USB, IP баспа, немесе Rendezvous немесе Bonjour таңдалуын қамтамасыз етіңіз.
Қате құрылғы атауы, IP адресі немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аты пайдаланылуда.	Құрылғы атауын, IP адресін немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттарын тексеру үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз. Конфигурация бетіндегі қандай атаудың, IP адресінің немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттарының Баспа Орталығы немесе Принтер Баптау Утилитасындағы құрылғы аты, IP адресі немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттарына сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз.
Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін.	Интерфейс кабелін ауыстырыңыз. Сапасы жоғары кабель пайдалануын қамтамасыз етіңіз.

Принтер драйвері Баспа орталығында немесе Принтер баптау утилитасында таңдалған құрылғыны автоматты түрде баптамайды.

Себеп	Шешім
Құрылғы дайын болмауы мүмкін.	Кабельдердің дұрыс қосылуын, құрылғы қосулы болуын және дайындық индикаторы жанып тұруын қамтамасыз етіңіз. USB немесе Ethernet хабы арқылы байланыстыратын болсаңыз, компьютерге тікелей жалғап көріңіз немесе басқа бір портты пайдаланыңыз.
Бағдарлама орнатылмаған немесе қате орнатылған болуы мүмкін.	Принтер PPD келесі қатқыл диск папкасында болуын қамтамасыз етіңіз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj</code> , мұндағы <code><lang></code> - сіз пайдаланатын тілдің екі әріпті тіл коды. Қажет болса, бағдарламаны қайта орнатыңыз. <i>Алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулық</i> қараңыз.
PostScript Printer Description (PPD) файлы зақымданған.	Келесі қатқыл диск папкасынан PPD файлын жойыңыз: <code>Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj</code> , мұндағы <code><lang></code> - сіз пайдаланатын тілдің екі

Кесте 7-4 Mac OS X проблемалары (жалғасы)

Принтер драйвері Баспа орталығында немесе Принтер баптау утилитасында таңдалған құрылғыны автоматты түрде баптамайды.

Себеп	Шешім
	әріпті тіл коды. Бағдарламаны қайта орнатыңыз. <i>Алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулық</i> қараңыз.
Құрылғы дайын болмауы мүмкін.	Кабельдердің дұрыс қосылуын, құрылғы қосулы болуын және дайындық индикаторы жанып тұруын қамтамасыз етіңіз. USB немесе Ethernet хабы арқылы байланыстыратын болсаңыз, компьютерге тікелей жалғап көріңіз немесе басқа бір портты пайдаланыңыз.
Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін.	Интерфейс кабелін ауыстырыңыз. Сапасы жоғары кабель пайдалануын қамтамасыз етіңіз.

Баспа тапсырмасы керекті құрылғыға жіберілмеді.

Себеп	Шешім
Баспа тапсырмаларының кезегі тоқтатылған болуы мүмкін.	Баспа тапсырмалары кезегін қайта қосыңыз. print monitor (баспа мониторы) ашып, Start Jobs (Тапсырмаларды бастау) басыңыз.
Қате құрылғы атауы немесе IP адресі пайдаланылуда. Баспа тапсырмаңызды аты, IP адресі немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттары бірдей немесе ұқсас құрылғы қабылдаған болуы мүмкін.	Құрылғы атауын, IP адресін немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттарын тексеру үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз. Конфигурация бетіндегі қандай атаудың, IP адресінің немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттарының Баспа Орталығы немесе Принтер Баптау Утилитасындағы құрылғы аты, IP адресі немесе Rendezvous немесе Bonjour хост аттарына сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз.

Үшінші тарап шығарған USB картасынан басып шығара алмайсыз.

Себеп	Шешім
Бұл қателік USB принтерлерінің бағдарламасы орнатылмаған кезде пайда болады.	Үшінші тарап USB картасын қосқан кезде USB адаптері картасына қолдау көрсететін Apple бағдарламасы қажет болуы мүмкін. Бұл бағдарламаның ең жаңа нұсқасын Apple веб-сайтынан алуға болады.

USB кабелімен қосылған кезде, драйвер таңдалғаннан соң Баспа орталығы немесе Принтер баптау утилитасында құрылғы шықпайды.

Себеп	Шешім
Бұл проблеманың себебі бағдарламада немесе аппаратурада.	Бағдарлама ақаулықтарын жою <ul style="list-style-type: none">Macintosh компьютері USB қолдайтынын тексеріңіз.Macintosh операциялық жүйесінің нұсқасы Mac OS X v10.2 немесе одан да жаңа екендігіне көз жеткізіңіз.Macintosh компьютерінде Apple компаниясының тиісті USB бағдарламасы бар болуын қамтамасыз етіңіз.

Кесте 7-4 Mac OS X проблемалары (жалғасы)

USB кабелімен қосылған кезде, драйвер таңдалғаннан соң Баспа орталығы немесе Принтер баптау утилитасында құрылғы шықпайды.

Себеп	Шешім
	<p>Аппаратура ақаулықтарын жою</p> <ul style="list-style-type: none">● Құрылғының қосулы болуын тексеріңіз.● USB кабелі дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.● Жоғары жылдамдықты USB кабелінің пайдаланылуын тексеріңіз.● Тізбектен қуат алатын USB құрылғыларының тым көп болмауын қамтамасыз етіңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз.● Екіден артық жетексіз USB хабы тізбекке бір қатарда қосылмағандығын тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз. <p>ЕСКЕРІМ: iMac пернетақтасы жетексіз USB хабы болып табылады.</p>

Желі құруға қатысты проблемаларды шешу

Егер компьютер желіге қосылған принтерді таба алмаса, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Кабельдерді тексеріп, олардың дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Төмендегі байланыстардың барлығын тексеріңіз:
 - Қорек кабельдері
 - Құрылғы мен хаб немесе ауыстырып-қосқыш арасындағы кабельдер
 - Хаб немесе ауыстырып-қосқыш пен компьютер арасындағы кабельдер
 - Егер бар болса, модемге немесе Интернет байланысына жалғанған кабельдер
2. Компьютердің желілік байланыстары дұрыс істейтіндігін тексеріп алыңыз (тек Windows үшін):
 - Windows жұмыс үстелінде **My Network Places** (Менің желілік жерлерім) немесе **Network Neighborhood** (Желідегі көршілер) белгішелерін екі рет басып ашыңыз.
 - **Entire Network** (Бүкіл желі) сілтемесін басыңыз.
 - **Entire Contents** (Бүкіл мазмұндар) сілтемесін басыңыз.
 - Желі белгішелерінің бірін маус түймесімен екі рет басып, кейбір құрылғылардың тізімде бар екеніне көз жеткізіңіз.
3. Желілік байланыс істеп тұрғанын тексеріңіз:
 - Құрылғының артында орналасқан (RJ-45) желілік ұяның желілік шамдарын тексеріңіз.
 - Егер шамдардың біреуі жанып тұрса, бұл құрылғының желіге қосылғанын білдіреді.
 - Егер екі шам да өшіп тұрса, құрылғыдан шлюзге, ауыстырып-қосқышқа немесе хабқа баратын кабельдерді тексеріп, байланыс сенімділігіне көз жеткізіңіз.
 - Егер байланыс сенімді болса, принтерді 10 секундқа сөндіріп, содан кейін құрылғыны қосыңыз.
4. Желі конфигурациясы бетін басып шығарыңыз. [Конфигурация беті 44-бетте](#) қараңыз.
 - Желі конфигурациясы бетінде құрылғыға берілген IP адресі нөл еместігін анықтаңыз.
 - Желі конфигурациясы бетінде жарамды, нөл емес IP адресі болмаса, **Істеу** және **Тоқтату** түймелерін бірге басу арқылы HP ішкі желілік портының зауыттық параметрлерін орнына келтіріңіз.

Attention (Назар аударыңыз), Ready (Дайын) және Go (Бастау) индикаторлары бір-бірлеп жанып, өшкеннен кейін, құрылғы Ready (Дайын) күйіне қайтып, зауыттық параметрлер орнына келеді.
 - Құрылғы Дайын күйіне қайтқаннан кейін екі минуттан соң тағы да бір Желі конфигурациясы бетін басып шығарып, құрылғыға жарамды IP адрес берілгенін тексеріңіз.
 - Егер IP адресі тағы да нөлдер болса, HP компаниясының қолдау қызметімен хабарласыңыз. [HP тұтынушыларды қолдау қызметі 96-бетте](#) қараңыз.

А Керек жарақтар мен шығындық материалдар

- Қамсыздандыру құралдары мен керек-жарақтарға тапсырыс беру

Қамсыздандыру құралдары мен керек-жарақтарға тапсырыс беру

Қосымша керек-жарақтар мен қамсыздандыру құралдары арқылы құрылғының мүмкіндіктерін арттыруыңызға болады. Оңтайлы жұмысты қамтамасыз ету үшін HP LaserJet P1000 және P1500 Сериялы арналған керек-жарақтар мен қамсыздандыру құралдарын пайдаланыңыз.

Бұл құрылғыларда "ақылды" баспа қамсыздандыру құралдары бар. Қамсыздандыру құралдарының мәртебесі бетінде баспа картриджінде қалған тонер мөлшері жөніндегі ақпарат пен қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беру үшін қажетті бөлшек номерлері беріліп, орнатылған баспа картриджінің шынайы HP қамсыздандыру құралы екендігі көрсетіледі.

Кесте А-1 Тапсырыс беру туралы ақпарат

	Бұйым	Сипаттама немесе пайдалану	Тапсырыс нөмірі
Баспа қамсыздандыру құралдары	HP Көп мақсатты қағазы	түрлі мақсаттарда пайдалануға арналған HP таңбалы қағаз (1 қорапта 10 орам, әр қайсысында 500 парақ). Үлгіге тапсырыс беру үшін АҚШ аумағында 1-800-471-4701 нөміріне телефон шалыңыз.	HPM1120
	HP LaserJet қағазы	HP LaserJet принтерлерімен түрлі мақсаттарда пайдалануға арналған Premium HP таңбалы қағаз (1 қорапта 10 орам, әр қайсысында 500 парақ). Үлгіге тапсырыс беру үшін АҚШ аумағында 1-800-471-4701 нөміріне телефон шалыңыз.	HPJ1124
	HP LaserJet диапозитив үлдірі	HP LaserJet монохромды принтерлерімен пайдалануға арналған HP таңбалы диапозитив үлдірі.	92296T (хат) 92296U (A4)
HP LaserJet P1000 Сериялы арналған баспа картридждері	Ақылды баспа картридждері	HP LaserJet P1000 Сериялы арналған ауыстырылатын баспа картридждері.	CB435A (1500 беттік картридж)
HP LaserJet P1500 Сериялы арналған баспа картридждері	Ақылды баспа картридждері	HP LaserJet P1500 Сериялы арналған ауыстырылатын баспа картридждері.	CB436A (2000 беттік картридж)
Қосымша құжаттар	<i>HP LaserJet тобының баспа медиасы бойынша нұсқаулық</i>	HP LaserJet принтерлерінде қағаз немесе басқа медианы пайдалану жөніндегі нұсқаулық.	5963-7863 ЕСКЕРІМ: Бұл құжатты http://www.hp.com/support/ljpaperguide/ адресінен жүктеп алуға болады.

Кесте А-1 Тапсырыс беру туралы ақпарат (жалғасы)

	Бұйым	Сипаттама немесе пайдалану	Тапсырыс нөмірі
Ауыстырылатын бөлшектер	Медианы әперуші ролик	Медианы науадан алып, оны принтер ішінен өткізеді.	(RL1-1442-000CN (P1000 Сериялы), RL1-1497-000CN (P1500 Сериялы))
	Принтердің бөлуші құрылғысы	Бірнеше парақтың принтерге бірден әперілуін болдырмау үшін қолданылады.	RM1-4006-000CN (P1000 Сериялы), RM1-4207-000CN (P1500 Сериялы)

В Техникалық қызмет және қолдау

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі

HP ӨНІМІ

HP LaserJet P1000 және P1500 Сериялы принтерлері

ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІКТІҢ ӨРЕКЕТ МЕРЗІМІ

Сатып алған күннен бастап бір жыл

HP компаниясы сізге, соңғы пайдаланушыға, сатып алынған күннен бастап жоғарыда белгіленген мерзім ішінде HP компаниясының жабдықтары мен керек-жарақтарында материал немесе өндірістік ақаулықтар болмайтындығына кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде сондай ақаулықтар туралы хабар алса, HP ақаулы болып шыққан өнімдерді өз ұйғарымына сәйкес жөндеп немесе ауыстырып береді. Ауыстырылған өнімдер жаңа немесе жаңа өнімдер сияқты жұмыс істейтін болуы мүмкін.

HP компаниясы сізге сатып алынған күннен бастап жоғарыда белгіленген мерзім ішінде HP бағдарламалық құралдары дұрыс орнатылып, пайдаланылу шартымен өзінің бағдарламалық нұсқауларын материалдағы немесе өндіріс нәтижесіндегі кемшіліктерге байланысты ақаусыз орындайтынына кепіл береді. Егер HP кепілдік мерзімі ішінде сондай ақаулықтар туралы хабар алса, HP берілген нұсқауларды сондай ақаулықтарға байланысты орындамайтын бағдарламаны ауыстырып береді.

HP өнімдері үздіксіз және қатесіз жұмыс істейтіндігіне кепілдік бермейді. Егер HP себепті уақыт ішінде қандай да бір өнімін кепілдік берілген күйде жөндей алмаса немесе ауыстырып бере алмаса, өнімді қысқа уақыт ішінде қайтарғаннан кейін оның құнын қайтарып алуға құқығыңыз бар.

HP өнімдерінің құрамында жаңа құрылғы сияқты істейтін қалпына келтірілген бөлшектер болуы мүмкін немесе олар кездейсоқ пайдаланылған болуы мүмкін.

